# Сыр бойы

25 қаңтар сенбі | 2014 жыл №11-12 (18705-18706) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz


# ЕЛ МЕН ЕЛБАСЫНЫҢ АБЫРОЙЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНДЕТ

## Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевпен әңгіме

**Қырымбек Көшербаев облысқа келгелі оның тыным тауып отырғанын көрмедік. Бір күні Аралда жүрсе, екінші күні Жаңақорғанның бір ауылын аралап қайтқанын естисің. Қысқасы, уақыты минутына дейін белгіленіп қойған. Елбасы сеніп тапсырған аймақтың баянды болашағы үшін жанын аямай жұмыс істеуде. Қызметке алғаш келгенінде қарамағындағыларға «Мен жұмыс барысында өзімді аямайтын адаммын. Сондықтан, сіздерді де аяйды деп ойламаңыздар» дегенін естіген едік. Осы сөзі рас болып шықты.**

**«Егемен Қазақстанның» елдегі тілшісі облыстың даму барысы, болашақтағы мақсат-мұратының қандайлығы және тағы басқа мәселелер бойынша әкіммен сұхбат құрған. Сол әңгімені назарларыңызға ұсынып отырмыз.**

### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДҰРЫС БОЛМАЙ ЭКОНОМИКА ДАМЫМАЙДЫ

*– Елбасы биылғы Жолдауын жариялады. Бұл Жолдаудың бұған дейінгі жолдаулардан өзгешелігі неде деп ойлайсыз?*

– Биылғы Жолдауда Елбасы ел идеологиясының темірқазығындай етіп алған «Мәңгілік Ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұлттық ұлы ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай, қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» Стратегиясы ұлттың ұлы бағдары екені анық. Елулікті еңсердік, енді дамыған отыз мемлекеттің қатарына енуді мұрат етіп отырмыз. Осы «Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет», деп Елбасы ашып айтты. Ендеше осы ортақ мақсатқа жұмылып, аянбай атсалысуға Сыр бойының халқы дайын екенін мәлім еткім келеді.

Тағы бір айтарым – Елбасының ресми мәжілісті, халыққа Жолдауын «сүйікті халқым» деген жүрекжарды тілегімен аяқтауы болашаққа деген үмітімізді бекітіп, сенімімізді арттырады, ел бақыты жолында аянбай еңбек етіп жатқан ердің ақжарма тілегі әрбір қазақстандықты қанаттандырды деген сенімдемін.

*– Қызылорда облысына әкім болып тағайындалғаныңызға бір жыл болды. Әрине, бір жыл көп уақыт емес. Дегенмен, осы жыл ішінде қандай шаруаларды атқара алдыңыздар?*

– Ең бірінші, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына сараптама жасалды. Ол үшін Қазақстан мен Ресейдің маңдайалды қаржыгерлері мен әлеуметтанушыларын Қызылордаға арнайы шақырдық. Атап айтар болсақ, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің жанындағы институттың, Ресей Федерациясы Президенті жанынан құрылған Халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясының майталман мамандарын қатыстырдық. Бұн не үшін жасалды? Әлдебір дүниені қолға алмас бұрын толыққанды сараптама жасалмаса болмайды. Сондықтан бізге аймақтың әлеуметтік-экономикалық деңгейінің қандай екенін дұрыс бағалай білу керек болды. Бұдан бөлек, орын алып жатқан олқылықтардың себеп-салдарын анықтап, аймақ дамуының әлеуетін айқындау шарт еді. Сол себепті алдымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, одан кейін барып қана даму бағытымызды белгіледік.

Жыл сайын аймақтардың экономикалық даму деңгейінің қорытындысы жасалып отырады. 2012 жылғы қорытынды бойынша Қызылорда облысы республикадағы 16 аймақтың ішінде ең соңғы орында тұрған екен. Осының өзі біздің шама-шарқымыздың қаншалықты екенін бірден білдірсе керек. Ал жүргізілген сараптама аймақ экономикасының қаңқасы дұрыс құрылмағанын анықтап берді.

2-бет

САПАР

# ЖОЛДАУ ЖАРҚЫН ІСТЕРГЕ ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Арал, Қазалы аудандарында жұмыс сапарымен болды. Сапар мақсаты Елбасы Жолдауын халыққа түсіндіру мен талқылауға арналып отыр. Аймақ басшысымен Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев бірге болды.**





Аймақ басшысы сапарын Арал аудандық тарихи өлкетану мұражайымен танысудан бастады. Қазіргі таңда мұражайда сегіз мыңға тарта жәдігерлер орналасқан. Мұнда 6 көрме залы бар. Әкім мұражай залдарымен зейін қоя танысып шықты. Еңбек Ері А.Ералиев мұражайдың құрметті кітабына қолтаңбасын қалдырды. Келесі кезекте Қырымбек Елеуұлы бастаған ел ағалары «Тағзым» алаңындағы «Еңбек ерлері» аллеясына гүл шоғын қойды. Бұл алаңның ашылу салтанатына Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысқанын аралдықтар ерекше мақтаныш тұтады.

Мәдениет үйінде жұртшылықпен жүздескен Қ.Көшербаев бүгінгі жиынның Елбасымыздың Жолдауын кеңінен түсіндіру мақсатында өткізіліп отырғанын, өзімен бірге Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевтың келгенін айтты. Аймақ басшысы еліміздің алдағы экономикалық өрлеуін айқындаған тарихи құжат Елбасы Жолдауының маңызына, оны жүзеге асыру мақсатында облысымызда жоспарланып отырған іргелі істерге тоқталды.

– «Мәңгілік Ел» идеясы баршамызды бір мақсат, ортақ мүддеге жұмылдырады. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – ұлттың ұлы бағдары. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет» деп Президентіміз айтқандай, ортақ мақсатқа атсалысу баршамыздың парызымыз. Тарихи құжатта болашағымыз айқын көрсетілген. Мен Елбасының қарамағында көптен бері жұмыс жасап келемін. Нұрсұлтан Әбішұлының көреген саясатын, байыпты ұстанымын бүкіл әлем мойындайды. Арал өңірі Президентіміздің айрықша қамқорлығын сезініп отырған аймақ екені белгілі. «САРАТС» жобасының алғашқы кезеңінің өзінде толағай тірліктер атқарылды. Енді жобаның екінші кезеңін тездетіп бастауға атсалысуымыз қажет. Қазір Премьер-министрдің орынбасары бастаған комиссия жобаны қаржыландыру мәселесімен айналысуда. Аймақтардың даму қарқыны бойынша Қызылорда екінші орынға көтерілді. «Еңбек – ер атандырады» деген халқымыздың даналығын Абзал Ералиевтың жоғары наградаға ие болуы растайды. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізі облыс аумағында жазда толық іске қосылады. Жол бойында түрлі нысандар салынады. «Жезқазған-Бейнеу» теміржолы Сексеуілді тоғыз жолдың торабына айналдырады. Байқоңыр мәселесі де назардан қалыс қалмайды. Облыста 267 елді мекен бар. Солардың арасындағы өсу мүмкіндігі мол 43 ауыл «Тіректі елді мекен» деп танылды, – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев. Жиын барысында байырғы журналист Шәкірат Дәрмағамбетұлы Арал ардагерлері атынан Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевке шапан жауып, құрмет көрсетті. Жиналғандарға бата берді. Активте «Балық консорциумының» төрағасы Әділбек Әйімбетов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілбай Садықбаев, зейнеткер Шәкірат Дәрмағамбетұлы Елбасының стратегиялық даму бағдарламасына бір ауыздан қолдау білдірді.

2-бет

# ЖАҢА АВТОБУСТАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

**Алдағы 12 ақпаннан бастап облыс орталығы көшелерінде үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустар жүре бастайды. Бұл туралы кеше қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ақпарат құралдары өкілдеріне брифингте айтып берді.**

Қызылордалықтар үшін жыл жағымды жаңалықпен басталғалы тұр. Бұл жаңалықты қала халқы кемі 20 жылдан уақыт төзімділікпен күтті десек, қателесе қоймаспыз.

Кешегі өтпелі кезенде автобус парктері тараған тұста қалаішілік жолаушы тасымалы қызметін жекелеген кәсіпкерлер қолға алды. Сол кезде бұрынғы үлкен сыйымдылықтағы автобустар орнын шағын автобустар басты. Міне, сол тұстан бері қоғамдық көлік иелері көрсететін қызмет сапасының төмендігі үздіксіз айтылып келеді. Шаһар тұрғындарын дара кәсіп иелерінің көрсеткен қызметі қанағаттандырған емес. Түйінді проблема туралы талай мәрте айтылып, жазылды да. Бірақ бәрібір “Баяғы жартас бір жартас” күйінде қала берген-ді.

Облыс тізгінін қолға алған Қырымбек Көшербаев шешімін таппай жүрген осы мәселеге айрықша мән берді. Осылайша, қаламызда заманауи талаптарға жауап беретін автобус паркін құру жобасы дүниеге келді. Аталған жоба 2013 жылы наурыз айында өткен бірінші “Байқоңыр” инвестициялық форумына келген инвесторлар назарына ұсынылды. Нәтижесінде қараша айында Қызылорда облысы әкімдігі, “Байқоңыр” ӘКК” АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкісі арасында меморандумға қол қойылды. Аталған банк жобаға нақты қолдау білдіргеннен кейін жұмыс алға басты.

Жоба шеңберінде облыс орталығына жаңа 100 автобус әкелінетін болып келісілген-ді.Айта кетейік, жобаның жалпы құны 27,11 млн. АҚШ долларын құрайды.

Енді, міне, жаңа автобустардың бір бөлігі облыс орталығына жеткізілді.

– Қызылорда қаласындағы қоғамдық көлік мәселесін біз жаңа ғана облыс әкімімен бірге талқыладық, – деп бастады әңгімесін қала басшысы Н.Нәлібаев. – Бүгінгі таңда облыс орталығы тұрғындарына сапалы тасымалдау қызметтерін көрсету үшін автобустық парк құрылуда. Оған арнайы аумақ та бөлінді. Елбасы қоғамдық көліктерді отынның экологиялық таза түріне көшіруді тапсырғанын білесіздер. Біз былтырдан бері осы бағытта мақсатты жұмыстар атқарып жатырмыз. Жалпы,“Қызылорда қаласында автобус паркін жасақтау” жобасы аясында өткен жылдың соңында облыстық бюджеттен 500 млн. теңге қаражат бөлінгенін айта кетейік.

Жоба аясында биылдың өзінде ауаны ластамайтын, экологиялық таза өнім – сұйытылған табиғи газбен жүретін 100 автобус алынады. (Негізі жаңа автобустар екі режимде – жанаржағармаймен және сұйытылған газбен жүреді). Қазіргі танда осы автокөліктерді сұйытылған газбен жабдықтау станциясы мен депо құрылысы аяқталуға жақын.

Қала әкімінің айтуынша, бұған қоса жаңадан 5 “ақылды” аялдама мен диспетчерлік орталықтың құрылысы жүргізіледі.

Сыйымдылығы 80 адамға арналған автобустарда отыратын орындық саны – 45. Өзге орындар түрегеліп тұруға есептелген. Бұған қоса, автобус мүмкіндігі шектеулі жандар үшін мініп-түсуге ыңғайлы. Автобус ішінде бейнекамера, GPS және электронды жарнама қондырғысы орнатылған. Осындай заманауи озық құрал-жабдықтармен жасақталған автобустар 12 ақпаннан бастап қалалықтар мен қала қонақтарына қызмет көрсете бастайды. Жаңа көліктердің алғашқы легі №17 бағыттағы жолаушыларға өз қызметін ұсынатын болады. Ал, қалған 80 автобус жыл соңына дейін жеткізілмек.

Нақты кезенде қала ішінде 25 бағыт және қала іргесіндегі елді мекендерге қатынайтын 8 бағыт бойынша барлығы 755 автокөлік жолаушы тасымалымен айналысуда.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# ЕЛ МЕН ЕЛБАСЫНЫҢ АБЫРОЙЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНДЕТ

## Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевпен әңгіме



1-бет

Өйткені, облыстағы өндірістің 93,4 пайызы мұнай мен газ және уранға байланып тұр. Өзіңіз де жақсы білесіз, мұнай-газ бен уранның бағасы халықаралық нарықта біресе шарықтап кетеді, енді бірде құлдилап құлайды. Сонау бір уақыттарда мұнайдың бір баррелі 9 доллар болғаны есімізде. Ал қазір аталған баға 100 доллардан түспей тұрғанына куәміз. Біресе көкке ұшып, біресе жерге құлдырап түсетін бағаға тәуелді экономика аймақтың әлеуметтік дамуына қалай серпін бере алсын? Одан пайда тауып, ел-халықтың жағдайын жасаймын деудің өзі бос әурешілік болуы мүмкін. Әлеуметтік мәселелерді шешуді тоқтатып тастауы ықтимал. Әсіресе, бюджетке түсетін қаржының көлемі төмендеп кетеді. Мұндай жағдайдың соңы түрлі түсініспеушіліктерге бастайтынын білесіз. Сондықтан біз индустриялық-инновациялық бағдарламаны мемлекеттің кезекті бір науқаны ретінде емес, қайта Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен өзгеріс әкелетін жалғыз жол деп танып отырмыз. Егер біз Қызылорда облысын үздік аймақтардың қатарынан көргіміз келсе, онда өңірдің атқарушы билігі аталған бағдарламаны дұрыс түсініп, одан жөнді қорытынды шығарып, жоспарлы жұмыс істеуге тиіс. Осы арқылы облыс экономикасын әртараптандырып, құрылымын қайта жасауды көздейміз. Мұнан бөлек Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты маңызы зор құжатты жариялады. Міне, осы Даму стратегиясының аясында біз аймақтың 2020 жылға дейінгі бағыт-бағдарын айқындайтын жоспар жасадық. Оны облыстық мәслихаттың сессиясында бекіттік. 2020 жылға дейін 7 жыл бар ғой. Бүгінде біз республиканың даму деңгейінен әлдеқайда қалып келеміз. Ал оған жету үшін біз республиканың даму динамикасынан 2 пайызға артық қимылдап отыруымыз керек екен. Мысалы, жыл сайын мемлекеттің ішкі жалпы өнімі 6 пайызға өсіп отырса, Қызылорда облысы аталған көрсеткішті 8 пайызға орындауы қажет. Алдағы жетіжылдықта осындай қажырлы жұмыс жасалғанның өзінде Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы республиканың орта деңгейіне ғана жақындайды. Әрине, реті келсе одан да зор нәтижеге қол жеткізгіміз келеді.

*– Нақты сараптама жүргізілген екен. Даму деңгейіміз де, олқылықтарымыз да анықталыпты. Сонымен бірге, болашақтағы бағыт-бағдарымыз да айқындалыпты. Дегенмен, экономиканы дамыту үшін инфрақұрылым дұрыс болуы керек қой. Қызылорда облысында бұл мәселе қалай шешілген?*

– Байқап қарасаңыз, Қызылорда облысы үш ұлы жолдың бойында жатыр. Бірінші – дария, екінші – теміржол, үшінші – тасжол. Өмірдің нәріндей болып тұрған осы үш жол аймақты көлденеңнен қиып өтеді. Ауылдар мен аудандар да осы жолдардың бойында шоғырланып, өте ыңғайлы орналасқан. Нақтылық үшін айтайын, аймаққа қарасты елді мекендердің 85 пайызы теміржол мен тасжолдың бойында жатыр. Ал онда облыс халқының 93 пайызы тіршілік етуде. Егер біз инфрақұрылымды дұрыс бағытта дамыта берсек, онда өңірдегі ауылдардың жағдайын тиімді әрі тез арада гүлдендіруге қол жеткіземіз. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» күре жолының құрылысын келер жылғы 1 тамызға дейін толық аяқтаймыз. Қазірдің өзінде Жалағаш пен Жосалының арасындағы кішкентай бөлігі ғана қалып тұр. Оның өзін тезірек аяқтауға болар еді. Бірақ мердігердің жауапсыздығынан жұмыста кідіріс болды. Осы жолдың өзінен талай адамға нәпақа табылғалы отыр. Бұл бүкіл әлемде қалыптасқан құбылыс. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тасжолының 812 шақырым бөлігі біздің аймақтың үстінен өтеді. Біз үшін бұл үлкен мүмкіндік.

Қазақстан халқының 70 пайызы оңтүстік өңірлерде өмір сүретінін білесіз. Сондықтан батыстан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры тартылды. Газ құбыры да Қызылорда облысын кесіп өтеді. Аманшылық болса, 2014-2015 жылдары біз аймақтың 75 пайызын толықтай газдандырып үлгереміз деп отырмыз. Ол үшін барлық құжаттар әзірленіп, жоспар жасалды. Ал қалған елді мекендер 2016 жылдың үлесіне тимек. Сонымен бірге, қысылған газ шығаратын зауыт саламыз. Мәселен, облыстың шет жайлап, қиыр қонған алыс ауылдарына газ құбырын тарту тиімділік жағынан төмен. Есесіне, ол ауылдарға қысылған газды жеткізіп, көгілдір отынмен қамтамасыз етеміз.

*– Енді облыста экономиканы дамыту үшін инфрақұрылым толық жасалған деп айтуға болады ғой...*

– Қарапайым ғана мысал айтайын, Қызылорда қаласына қарасты кейбір шағын аудандардың бас жоспары бекітілмеген, инфрақұрылымы жасалмаған. Бірақ ол жерге жеке адамдар үйлерін салып тастаған. Енді халық әртүрлі деңгейдегі әкімдерге келіп өздерінің талаптары мен арыз-шағымдарын айтып жатыр. Сол арыздарды қарап отырсаңыз, жол, су, кәріз жолдарының жоқтығы көп айтылады. Бұл о бастан дұрыс жасалмаған шаруа. Ең алдымен жоспар құрылып, бекіту керек. Сосын инженерлік инфрақұрылымын дайындау қажет. Осыдан кейін барып қана халыққа жер телімдері берілуі тиіс. Ал дым істемей, құр жерді бере салып, тұрғындарды сергелдеңге салып қою дұрыс емес. Дамуды ойлаған адам алдымен оған жағдай туғызады. Облыстың экономикасында да сондай. Елбасының тікелей бастамасымен салынып жатқан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тасжолы, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры, «Сексеуіл-Бейнеу» теміржолы секілді алып құрылыстар біздің облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор серпін беретін негізгі нысандар.

Қызылорда облысы өзіне қажетті электр энергиясының 40 пайызын ғана өндіріп отыр. Қалған 60 пайызын Екібастұз бен Тараздан аламыз. Ал олардың Қызылордамен арасындағы қашықтықтың біраз екені белгілі. Сол себепті Қызылордаға Екібастұз бен Тараздан электр энергиясы жеткенше бағасы аспандап кетеді. Ол амалсыздан біздің тарифімізге түседі. Өз кезегінде бұл өндіріске әсер етеді де, облыстан шығарылатын өнімдердің бағасы қымбаттап кетеді. Енді қымбат зат бәсекелестікке төтеп бере алмай, нарыққа шықпай қалады. Мәселен, бізде «Қуат» деген зауыт бар. Заманауи құбырлар шығарады. Дегенмен, электр қуатының бағасы қымбат болғаннан кейін олар өзінің бар мүмкіндігін пайдалана алмай отыр. Егер электр энергиясының бағасы арзан болса, онда аталған зауыт тек Қазақстанның ғана емес ТМД мемлекеттерінің нарығында өз орнын ойып тұрып алар еді.

### АЙМАҚТА МЕТАЛЛУРГИЯ КЛАСТЕРІН ДАМЫТУ КЕРЕК

*– Аймаққа келгеннен кейін алғашқы шаруалардың бірі ретінде облыс экономикасын әртараптандыруға басымдық бердіңіз. Осы бастама қаншалықты нәтижесін беріп жатыр?*

– Былтыр біз өндіріс саласы бойынша жылды жақсы аяқтадық. Төмендеу жоқ. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 16 пайызға артты. Ал республика бойынша бұл көрсеткіш 1,5 пайыз екен. Ал инвестиция тарту жұмысы 40 пайызға артқан. Соның арқасында құрылыстың көлемі 16 пайызға өсті.

*– Жалпы, өткен жылы біздің аймақ құрылыс салу көлемі бойынша республикада алдыңғы орынға шыққан жоқ па?*

– Оныңыз рас. Көлемі бойынша. Дегенмен, облыстағы тұрғын үй құрылысының деңгейіне көңіліміз толмайды. Өткен жылы 280 мың шаршы метрге жуық баспана салынды. Биыл бұл көрсеткішті 300 мың шаршы метрден асыру жоспарда бар. Бірақ құрылыс саласын алға жылжыту үшін құрылыс индустриясын дамыту керек. Ол үшін «РМЗ-Шапағат» деген мекеменің шеңберінен тұрғын үй құрылыс комбинатының жұмысын бастадық. Сонымен қатар, жақында тағы осындай екінші комбинат салу туралы шешім қабылдадық. Өйткені, аталған саланы қарқынды дамыту үшін құрылыс материалдарын, әсіресе, тұрғын үй құрылысына қажетті керек-жарақты өзімізде шығаруға тиіспіз. Егер құрылысқа қажетті материалдарды шығарып, шыны мен цемент зауыттары өзімізде болса, онда бұл өте тиімді әрі нәтижелі болар еді. Сондай-ақ, бағасы да арзандайды.

*– Құрылыстан бөлек, аймақ инвестиция тартуда да алға шықты. Бұған қалай қол жеткіздіңіздер?*

– Бұл үлкен әрі күрделі жұмыстың нәтижесі. Ең алдымен, инвесторларға өзіміздің мүмкіндіктерімізді дұрыс жеткізе білу керек болды. Былтыр бір жылдың ішінде аймақта екі бірдей инвестициялық форум өткізгеніміз де сондықтан. Форум барысында біз Қызылорда облысында қандай табиғи ресурстар бар, шамашарқы қандай, пайдасы қаншалықты болмақ деген сияқты мәселелермен таныстырдық. Одан соң аймаққа инвесторлардың келуіне жергілікті атқарушы билік те, Үкімет те мүдделі екенін, оларға барлық оңтайлы жағдай жасалатынын, аймақтың инфрақұрылымы экономиканы дамытуға өте қолайлы орналасқанын түсіндірдік, ынтымақтасып жұмыс істеуге шақырдық. Инвесторлардан бөлек, Астанада тіркеуден өткен шетелдік елшіліктердің қызметкерлерін де шақырып, аймақтың даму динамикасын көрсеттік. Біз ТМД мемлекеттерінің, әсіресе, Ресейдің кәсіпкерлерімен қоян-қолтық араласып жұмыс істеуіміз керек.

*– Индустриялық-инновациялық бағдарлама Қызылорда облысының экономикасын көтеретін бірден-бір мүмкіндік деп отырсыз. Десек те, аталған бағдарламаның біздің аймақта кенжелеп қалғаны жасырын емес. Алдағы уақытта бұл бағытта қандай жұмыстар жасамақсыздар?*

– Бүгінде «Құмкөл» кен орнындағы мұнайдың көлемі азайып келеді. Енді жаңа кен орындарын зерттеп, ашуымыз керек. Бұл жөнінде Елбасымыз жақында өз Жолдауында да айтты. Мұнай-газ саласында Сыр елінің жететін жетістіктері аз емес. Сол себепті бұл бағытта жұмыс жалғаса береді. Бұл – бір. Екінші, уран саласына байланысты тағы да өңдеу кәсіпорындарын салу қажет. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы өндіретін өнімнің басым бөлігі Қызылорда облысында орналасқан. Ал оны өңдейтін зауыттар басқа аймаққа тиесілі. Мұны аса құптамаймыз. Өйткені, шикізат қайда өндірілсе, сол жерде өңделуі керек. Мәселеге осы тұрғыдан қарап, біз «Қазатомөнеркәсіптің» басшылығына осындай ұсыныс жасап отырмыз. Үшіншіден, «Баласауысқандық» пен «Құрымсақтағы» ванадий қорын дұрыс игере білсек, онда біз дүниежүзі бойынша өндірілетін ванадийдің 25 пайызын шығара аламыз. Бұл тек қана Қызылорда облысы үшін ғана емес, тұтас Қазақстан үшін үлкен жетістік болады. Ал енді Шалқия мен Талаптағы – полиметалдар, Ақжар, Қоскөл, Домбау, Дарбазадағы – мырыш, Ақеспедегі – титан, Құтанбұлақ пен Талдыеспедегі темір бізге табиғаттың өзі берген байлығы. Осылардың негізінде феррокорытпа зауытын салу қажет. Міне, Қызылорда облысының оңтүстік аймағында жоғары технологиялы және экспорттық әлеуеті зор металлургиялық кәсіпорындарды ашуға болады. Ол үшін біздің табиғи қорымыз бар. Металлургиялық кластерді дамытудағы ең бірінші мәселе – электр қуатының бағасы. Ал біз бұған «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының арқасында қол жеткізе аламыз. Ферроқорытпа зауытының экономикасын есептегенде, газдың 1 мың текше метрі 80-90 доллардан аспағанда ғана оның тиімді болатынын анықтадық. Біз инвесторға осы бағадағы газдың дәлізін ұсынып отырмыз.

Өңдеу өнеркәсібіне байланысты тұз, цемент, кальцийленген ұнтақ, қызылмияның тамыры, құбыр шығару секілді жаңа өндірістердің жұмысына қолдау білдіре береміз. Сонымен бірге, осы зауыттардың барлығында ең жоғары технологияны пайдаланып, экспортқа шығаруды мақсат етіп жұмыс істейміз.

Ауыл шаруашылығы саласында да нақты қадамдар жасалады. Мысалы, аймақтағы күріш егетін 74 мың гектар жердің көлемін сақтап қалуға тиіспіз. Мәселе тек күріште ғана тұрған жоқ. Өйткені, суармалы жерлерді қысқартсақ, онда ол аумақ тұзданып кетеді. Биыл біз облыста күріштен рекордтық өнім өндірілді деп қуанып жүрміз. Әр гектарынан 49 центнер. Дей тұрғанмен, тоқмейілсуге болмайды. Айталық, Ресейдің Краснодар аймағында 1 гектардан 70 центнерден өнім алды. Міне, бізде де ондай өнім алуға мүмкіндік бар.

*– Осы ретте ет өндіру мен балық шаруашылығы да басқаша сипат алады ғой...*

– Әрине. Ет өндіру саласында да біз жететін жетістік аз емес. Ол үшін мал басын арттырып, асыл тұқымдыларын өсіру керек. Алдағы уақытта ауыл шаруашылығына жасалып жатқан нақты көмектің арқасында біз мал басын 15 пайызға арттырамыз деп отырмыз. Ал асыл тұқымды малды Голландиядан тасымай-ақ, өзімізге жағдайы таныс, табиғатымызға икемделген, жерсінген еділбай қойы мен ақбас сиырдың санын көбейткен дұрыс қой деген ойдамын. Осы жерде бір мәселе бар. Бізді «аралық немесе буферлі аймақ» деп айтады. Ал Үкіметтің шешіміне сәйкес, аралық аймақта өндірілген етті экспортқа шығаруға болмайды. Қызылорда облысына осы аттан арылу қажет. Балық шаруашылығына байланысты көптеген мәселеге тоқталуға болады. Елбасының тапсырмасына сәйкес, САРАТС (Солтүстік Арал) жобасының бірінші кезеңі толықтай іске асты. Екінші кезеңі әр түрлі себептерге байланысты тоқтап қалған-тын. Бұған дейін «теңіз екі деңгейлі бола ма, әлде бір деңгейлі жасаймыз ба?» деп келдік. Оны шештік. Бір деңгейлі теңіз жасайтын болдық.

3-бет

# ЕЛ МЕН ЕЛБАСЫНЫҢ АБЫРОЙЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНДЕТ

Өз есебім бойынша, САРАТС жобасының екінші кезеңі биыл басталуға тиіс. Әлбетте, бұл жоба қыруар қаржыны талап етеді. Дей тұрғанмен, қазір біз жылына 4 мың тонна балық аулап жатсақ, жобаның екінші кезеңі аяқталғаннан кейін аталған көрсеткішті 30 мың тоннаға жеткізетін шамамыз бар. Содан кейін Қызылорда облысынан өңделмеген балық шықпауы қажет. Қазірдің өзінде Аралда ауланған балықтар Еуропа нарығына шығып жатыр. Себебі сапасы жақсы. Сұранысқа ие. Тағы бір маңызды мәселені айта кетейін. САРАТС жобасын толықтай іске асырғаннан соң Сыр бойындағы көлдердің жүйесін қайта қалпына келтіре аламыз.

### ҚОРҚЫТ ТҮБІ БІР ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТӘУ ЕТЕР ОРТАЛЫҒЫ БОЛАДЫ

– Елбасының тапсырмасы бойынша Байқоңыр ғарыш айлағы мен Қорқыт ата мемориалдық кешені «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің туристік нысандар тізіміне енді. Бұйыртса, әлемнің әр тарапынан адамдар келеді. Түркі дүниесінің бабасы Қорқыттың басына зиярат етеді. Ал бұл шараға біздің дайындығымыз қандай болмақ?

2-бет

– Елбасының тікелей тапсырмасымен Байқоңыр қаласы «ЭКСПО-2017» көрмесіне келушілер тамашалайтын нысандар қатарына кіргені қаланың дамуына ерекше үлес қосады деген сенімдемін. Алдағы уақытта онда көптеген шаруалар атқарылмақ. Былтыр «Протон» құлағаннан кейін де Ресей үкіметімен бірлесіп қыруар шаруаны жасаған едік. Әрине, біраз пікірталас болды. Нәтижесінде, Елбасының нақты бастамасымен Байқоңырды дамытудың «Жол картасын» жасадық. Оған екі ел Үкіметі қол қойды. Осының арқасында Байқоңыр қаласы, Ақай, Төретам елді мекендерін дамытудың кешенді жобасы қабылданады. «Жол картасының» аясында Байқоңыр қаласында біршама өндірістік, әлеуметтік нысандар жұмыс жасай бастайды. Сондай-ақ, ғарыштық туризмді дамытуға ерекше екпін беріледі.

Біздің тарихымыз терең. Өткен жолымыз кенен. Меніңше, 2017 жылы өтетін көрмеге келушілер Байқоңыр мен түркі тектес халықтардың қасиетті жерінің бірі Қорқыт ата кесенесінде болуы Қазақстанды басқаша қырынан танытады. Біз оған осы бастан дайындалып жатырмыз.

– «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізінің құрылысы келер жылы аяқталады дедіңіз. Ал өңірдің ішкі жолдарын жөндеуге қаншалықты көңіл бөлініп жатыр?

– Сіз айтып отырған мәселені біз былтыр жазда арнайы облыстық мәслихатта қарадық. Мысалға, Солтүстік аудандарға қарасты елді мекендерді бір-бірімен жалғап жатқан жолдың жағдайы өте қиын. Жалпы, облыс бойынша ішкі жолдардың маңдайы шылқып тұр деп айтуға келмейді. Олардың жөндеусіз қалғаны себепсіз де емес. Өйткені жолдар аудандардың иелігінде болған. Ал ауданның бюджеті жол жөндеуге жетпейді. Сондықтан бұл жерде облыстық және республикалық бюджеттен нақты көмек керек. Біз осы мәселені республикалық бюджетке ұсыныс ретінде енгіздік. Әсіресе, Қызылорда мен Жезқазған арасындағы жолды жөндеу кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Ал Ресейге шығу үшін Павлодармен байланыстыратын жолдың құрылысын да бастаған абзал. Осыған дейін аудандарға қарап келген 860 шақырым жолды облыстың иелігіне алдық. Солайша, алдағы төрт жылдың ішінде осы ауқымдағы жолда күрделі жөндеу жұмыстары жүрмек.

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ БОЛАШАҒЫ

– Бүгінде үйден шықпай интернет арқылы бар тірлікті атқаруға болады. Бұған жастардың құлшынысы жоғары екені және анық. Алайда, аға буынның ғаламдық желіге аса сенімсіз қарайтынын да байқаймыз. Осы ретте сіз не ойлайсыз?

– Өте алаңдатарлық жағдай. Меніңше, интернеттің қазақша аудармасы оның мінезі мен сипатын нақты әрі дәл берген. Ғаламтор дейді. Бір жағынан сізді ғаламмен байланыстырады. Екінші жағынан – тор. Шырмауына байлап алады. Сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз бар Қазақ деген елміз. Талай тепершті бастан өткердік. Тарих сахнасынан сырғып кетіп қалатын жағдайлар болған. Соның бәрінде ата-бабаларымыздың қаны мен аналарымыздың арының арқасында аман-сау қалдық. Енді XXI ғасырда біз өзіміздің болмысымыздан айырылмауымыз керек. Осы жағдайларды ескере отырып, өзімнің азамат ретіндегі, әке ретіндегі, ата ретіндегі парызым ғой деп жақында жастарға, студенттерге интернет тақырыбында дәріс оқыдым. Ол да бекер емес. Өйткені, жастар ғасырлар бойына қалыптасқан құндылықтарымыздан айырылып қалмауы қажет. Сондықтан, жастарға ғаламтордың пайдасы мен зиянын теңдей түсіндірген дұрыс. Әрине, бізге орыс тілін де, ағылшын тілін де игеру керек. Жаңа заманда жаңа технологияны меңгеріп, компьютердің құлағында ойнап, интернеттің игілігін көру шарт. Бірақ осының бәрінің негізі қазақша болғанда ғана біз өзімізді ұлт ретінде сақтап қала аламыз. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын мың толғанып барып, қоғамға ұсынуының астарында ұлтымыздың ұлы болашағы жатыр деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
**Ержан БАЙТІЛЕС.**
*«Егемен Қазақстан» газеті.*
*23 қаңтар 2014 жыл.*

● ҚАБЫЛДАУ

# ҚАЛАМГЕРЛЕР — ҚОҒАМ ТАМЫРШЫЛАРЫ

**Аптаның бейсенбі күні облыс әкімі Қ.Көшербаев облыс көлемінде тұратын Қазақстан Жазушылар одағының мүшелерімен кездесті.**

Қаламгерлерді жылы қабақпен қабылдаған аймақ басшысы Сыр елінің түлеп өсуіне рухани қуат қосып жатқан жазушы қауымының еңбегін жоғары бағалайтынын айта келіп, өңірімізде атқарылып жатқан өрелі істерді саралап өтті.

– Елбасының биылғы Жолдауында Мәңгілік ел идеясының айтылғанын жақсы білесіздер. Мәңгілік, мызғымас ел болу үшін біздің рухани байлығымыз мол болуы керектігі түсінікті. Сондықтан Сыр елінің мәдени үдерістерге қосатын үлесі қомақты болуы керек. Мәдени-тарихи мұраларымызды қорғау, оларды дүниежүзілік мәдени мұралардың тізіміне ендіру бағытында бірқатар жұмыстарымыз жасалуда. «ЭКСПО-2017» көрмесіне келушілер де, онан кейінгілер де ұлы Қорқыт баба кешенінің басынан мәдениетіміз бен тарихымыздың түп тамырын тани білуі қажет. Бұл бағытта да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Сонымен бірге облыс орталығынан жаңа драма театрының, облыстық музей мен музыкалық колледж ғимараттарының құрылысы басталмақ.



Биыл Сырдарияның сол жағалауынан шығыстық үлгідегі жаңа қала бой көтере бастайды, – деді облыс әкімі.

Мұнан әрі өңірдің құрылыс, коммуналдық сала жетістіктеріне тоқталған аймақ басшысы қаламгерлердің лебізін тыңдады.

ҚЖО облыстық филиалының төрайымы, ақын Қаршыға Есімсейітова сөз алып, Сыр өңірінде одақтың 22 мүшесі тұратынын, олардың алды биыл 75-ке толатынын, соңының өзі 50 жасты еңсеріп отырғанын айта келіп, қаламгерлердің мерейтойларын атап өту, мемлекеттік тапсырыспен кітаптарын шығару, оларға облыс әкімінің стипендиясын тағайындау жөнінде ұсыныстар білдірді.

Аймағымызда қазақтың қабырғалы қаламгерлерімен шендесе алатын, талантты, тәжірибелі ақын-жазушылар бар екенін білдірген одақ төрайымы олардың рухани өмірімізге тірек бола білетінін, аймақтың дамуына уақытпен санаспай тер төгіп келе жатқан облыс басшысының өзіне сенімді көмекші бола алатынын тілге тиек етті.

Мұнан соң А.Сопыбеков, Ә.Әлішев, Б.Кәрбозұлы, С.Жұбатыров, Ә.Рахымбеков, Қ.Жәленова секілді бірқатар қаламгерлер өз пікірлерін ортаға салып, Елбасының Мәңгілік ел идеясы өздеріне зор қуат пен шабыт сыйлағандықтарын білдірді.

Сөз қорытындысында облыс әкімі Қ.Көшербаев жазушылар айтқан барлық ұсыныстарды құптады. Қоғам тамыршыларына қай кезде де өз тарапынан ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді.

Кездесу соңында бір топ ардагер-қаламгер «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен марапатталып, жазушылар облыс әкімімен бірге ескерткіш суретке түсті.

**Д.БЕРКІНБАЕВ.**

# ЖОЛДАУ ЖАРҚЫН ІСТЕРГЕ ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ



Түсте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, басқа да ел ағалары Қазалы ауданына келді. Меймандардың алғашқы аялдағаны «Жанқожа батыр» кесенесі болды. Есімі аңызға айналған батыр әрі әулие бабаның кесенесі көпшіліктің қастер тұтар киелі орны саналады. Облыстық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Талғат қажы Омаров батыр рухына арнап құран бағыштады. Қырымбек Елеуұлы биылғы жылдың Қазалы ауданында Жанқожа батырға арналғанын, соған орай ауқымды шараларды атқару межеленгенін жеткізді. Іргетасы мұнан әлденеше жыл бұрын қаланған Жанқожа батыр атындағы мешіт құрылысы белгілі себептермен уақытша тоқтап қалған еді. Құрылыстың негізгі демеушісі жерлесіміз, қоғам қайраткері Дархан Бердалиев болғанын атап кету ләзім. 2013 жылы аудан тұрғындарының демеушілігімен жалпыхалықтық құрылысқа айналған жұмыс қарқынмен алға басты. Бүгінде мешіт толық аяқталып, пайдалануға берілді. Нысанды батыр ұрпағы Сәбит Аралбаев басқаратын «Досбол құрылыс» ЖШС сапалы салып, бітірді.

Қос қабатты еңселі нысан алыстан көрінеді. Әшекейлі есіктері, ақ мәрмәрдан жасалған баспалдақтары ұлттық өрнекпен нақышталған қабырғалары өзгеше әсер қалдырады. Мешіт іші өте жылы. Алтын айшықты күмбездің астындағы «Аллаһ» жазуы, Құран аяттары төңірекке имандылық нұрын сепкендей. Еденге жайнамаз үлгісіндегі аспан түстес кілемдер жайылыпты. Екінші қабатта әйелдерге арналған намазхана бар. Сондай-ақ құран оқыту бөлмесі, ауыз аштыру, садақа беру сынды рәсімдер өтетін 150 орындық асхана, жас жұбайлардың мұсылманша некесін қию залы арнайы жабдықталған дәріс алу бөлмесімен қамтылған. Сүйсінерлігі, Астанадағы «Хазірет Сұлтан» мешітімен онлайн жүйесінде сабақ алуға болады. «Жанқожа батыр» мешітінің бас имамы болып ҚМДБ бұйрығымен Қайрат қажы Дәуіржанұлы тағайындалды. Күннің суықтығын елеместен мешіттің ашылу рәсіміне қалың халық жиналды. Еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар келді.

1-бет

Өзінің құттықтау сөзін «Мешіттер мәдени және рухани ағарту орталығы болуы керек. Біз ата-бабадан жеткен салт-дәстүрімізбен өнегелі өз жолымыз бар ел екенімізді есімізден шығармауға тиіспіз» деген Елбасымыздың сөзінен бастаған Қырымбек Елеуұлы сайын даланың саңлақ сардары Жанқожа бабамыздың есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталатынын атап өтті. Жыл аясында көптеген мәдени, рухани шаралар жүзеге асатынын, бабалар есімін ардақтау ұрпақ парызы екендігіне тоқталды. Салтанатта Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, қоғам қайраткері Ыдырыс Қалиев, генерал-лейтенант Әлімжан Ерниязов, Дархан Бердалиевтің анасы Лиза Кәрімқызы және басқалары ақ тілектерін білдірді. Соғыс және еңбек ардагері Ахмет Өмірзақов жиналғандарға бата берді. Облыс әкімі бастаған ел ағалары мешіттің лентасын қиды.

Мәдениет орталығында өткен жиында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бүгінгі кездесуге арқау болып отырған Елбасымыздың Жолдауын кең тұрғыда талқылауға шақырды.

Жолдауда қозғалған маңызды мәлімдемелер Сыр өңіріне де үлкен серпін әкелетініне тоқталған облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен жылы қол жеткен жетістіктерді атап айтты. Облыста тәуелсіздік жылдарында тұңғыш рет күріштен рекордтық өнім жиналды. Осы мақсатта ауыл шаруашылығын, әсіресе күріш өндірісін дамытуға, диқандарға қолдау көрсетуге айрықша мән берілуде. Облыс өткен жылы инвестиция тарту, құрылыс салық түсімі бойынша республикада көш бастап келеді. Аймақта балық шаруашылығын дамытуға байланысты нақты шаралар қолға алынды. Әлеуметтік салада айтарлықтай ілгерілеушіліктерге қол жеткізілді. Мәдени-рухани байлығымызды, әсіресе көне мұраларымызды ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енгізу бағытында нақты жұмыстар жүзеге асырылуда. Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді тарқатып айтқан аймақ басшысы сырбойылықтардың нақты іспен жауап беретініне сенім білдірді.

«Ауылына қарап азаматын таны» деген. Орталарыңызда Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев тұр. Осынау жігерлі азамат туған ауылының гүлденуіне қатты көңіл бөледі. Мұны Абзал ақшасы асқандықтан емес, перзенттік парызым деп жасайды. Қазалылық Имандосов Самұрат та Мұратбаев ауылына лайықты еңбек жасап жатыр. Міне, Жанқожа бабаның мешітін ел игілігіне бердіңіздер. Бабамыздың дүниеге келуіне 240 жыл толуын кең көлемде атап өтпекшіміз. Ынтымақ-бірлігіміз жасай берсін. Қазалылықтардың Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға белсене атсалысатындығына кәміл сенемін» деп сөзін түйіндеді аймақ басшысы.

Жиында аудандық мәслихат депутаты, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Мнажадин Өтеев, «Жас Отан Жастар қанатының» атқарушы хатшысы Қуаныш Әлібек өз пікірлерімен бөлісті. Социалистік Еңбек Ері Кәрібоз Әлимаев Абзал Жұмашұлына қазалылықтар атынан шапан жауып, құрмет көрсетті. Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев Жолдауға қатысты ойын ортаға салып, өзіне көрсетілген құрмет үшін баршаға ризашылығын жеткізді.

Мұнан әрі облыс әкімінің жұмыс сапары Байқоңыр қаласы мен Қармақшы ауданында жалғасады.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Арал, Қазалы аудандары.



**Әр уақыттың даму үдерісіне қатысты өз түсінігі болады. Бүгінгі жаһандық бәсекелестіктің күрделі сипатымен ерекшеленетін заманда уақыттың әрбір сәті қымбат. Сол себептен де Президент ел алдында алдағы бірнеше онжылдықтардың міндеттерін саралап, уақытын дөп көрсетіп, белгілеп берді. Міне, қазақстандықтар алдағы кезеңде «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған жолмен дамитын болады.**

# ЕҢСЕРУГЕ ТОЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР БАР

Елбасы XXI ғасырдың күрделілігін айрықша атап өтті. Алдағы онжылдықтарда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайды. Қазақстан сияқты әлемнің дамыған елдері де осы күрделі уақытқа сай өздерінің стратегияларын да дайындауда. Елбасы «Дамыған ел» ұғымының белгілі бір уақыттың кезеңіне қарай өзгеріп отыратынын да атап көрсетті.

Әлемдегі болып жатқан өзгерістерге зер салыңызшы. Еуропа әлі дағдарыстың шылауынан арылған жоқ. Әлемге өз үстемдігін жүргізіп отырған АҚШ-тың валютасына деген көзқарас өзгеріп жатыр. Қытай даму үстінде. Қысқасы, жаһандық бәсекелестік бұрынғы қалыптасқан көзқарастарға түбегейлі өзгеріс енгізе бастады.

Қазақстан Президенті әлемдік даму үдерісінде алдыңғы шепке шығу үшін көптеген міндеттерді жүзеге асыру қажеттігін қадап айтты. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты. Экономика дамуында ілгері жылжушылық дағдарыс жағдайында да аз да болса оңды көрсеткіштермен сипатталады. Елбасының пайымдауынша Қазақстан жалпы дамудың қалыпты үдерісін сақтау үшін жыл сайын ішкі жалпы өнімнің өсімін 4 пайыз деңгейінен төмендетпеуі қажет. Бұл шындығын айтқанда жалаң цифр емес, Қазақстанның мүмкіндігін сарапқа салғанда айқындалған көрсеткіш. Сонымен бірге Елбасы бұл мүмкіндікті жоғары көтерудің алғышарттары бар екенін атап көрсетті. Оның жолдарын айқындады. Жолдауда айтылған тұжырымдардың қайталап жатпай, өзім бұрыннан да айтып жүрген көзқарасымды білдірсем деймін.

Қазақстан бюджеті шикі мұнайды, басқа да қазба байлықтарды сатудан түскен табыс көзінен құралады. Қазір әлем рыногында мұнай бағасы өте көтеріңкі. Бірақ, біз жерасты байлығының нәпақасын ұдайы пайдаланып отыра беруіміз керек пе? Президент болашақты меңзегенде осы мәселені әрдайым назардан қағыс қалдырмайды. Себебі, Елбасын елдің келешек ұрағының жағдайы ойландырады.

Елбасы бұл мәселені алдағы жылдары өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің басты тақырыбына байланысты да бірнеше рет атап көрсетті. Қазір әлемдегі белгілі экономистердің пікірі бойынша 20-30 жылдан кейін біз дәстүрлі отын көздеріне деген қажеттіліктен арыла бастауымыз мүмкін. Осы уақытта мұнайға, газға деген көзқарас өзгереді.

Сондықтан Президент энергетиканың дәстүрлі түрлерін дамыту арқылы жаңа технологиялар арқылы жаппай электр қуатын үнемдеуге көшу міндетін қойып отыр. «Жасыл экономика» тұжырымдамасы нақ осыны көздейді. Сонымен қатар ядролық энергетиканы дамытудың келешегін ұмытпауымыз керектігін Елбасы барынша өзекті мәселе қатарында атады. Себебі, әлемнің таяудағы даму келешегінде арзан атом энергиясына леген қажеттілік өсе түсетін болады. Ал, Қазақстан – уран өндіруде әлемдік көшбасшы. Елбасының атап өткеніндей, біз АЭС отыны үшін төл өндірісімізді дамытып, атом стансасын салуға тиіспіз.

Атом энергетикасына байланысты талай басқосулар болды. Тіпті оның қауіптілігін айтып, қарсылық танытқандар жеткілікті. Бірақ, қазір озық технология заманы. Біз қалай болғанда да мұндай атом отынының игілігін пайдалануымыз қажет. Қызылорда өңірі уран шикізатына бай. Ол өңделеді, заманауи технология игілігімізге жаратылады.

Жалпы, экономикада ілгері басудың алғышарттары макроэкономикалық көрсеткіштерді барынша сауатты басқаруға байланысты болады. Өсіммен бірге инфляцияны белгілі бір мөлшерде тежеп отыру дамудың орнықты сипатын айқындайды. Президент осы орайда Үкіметке, Ұлттық банкке биылғы жылға арналған тапсырмалар берді. Экономика өсімі 6-7 пайыз деңгейінде қамтамасыз етілуі тиіс. Жыл қорытындысы бойынша халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімі 14,5 мың доллардан кем болмауы тиіс.

Ұлттық банк пен Үкімет 2014 жылдың 1 мамырына дейін инфляцияны орта мерзімді перспективада 3-4 пайызға дейін төмендетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырды. Осының барлығы сайып келгенде Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясын дамытудың алғышарттары болып табылады.

Қорыта айтқанда, міндеттер ауқымы кең. Бірақ, жылдар кезеңіне нақты жағдаймен сарапталып, өлшеп-пішілген бұл міндеттерді еңсеруге толық мүмкіндік бар деп санаймын.

**Құттықожа ЫДЫРЫСОВ,**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.**

# ҚАЗГЕРМҰНАЙЛЫҚТАР ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫН ҚЫЗУ ҚОЛДАДЫ

**Баянды болашаққа бағдар берген Елбасы Жолдауын аймақтағы алдыңғы қатарлы мұнай компаниясы «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбеккерлері де қолдайды. «Ақшабұлақ» кенішінде бас қосып, Елбасы Жолдауын талқылаған мұнайшылар стратегиялық құжатта басымдық берілген әрбір мақсат-міндеттің жүзеге асуына өзіндік үлесін қосатын болады.**



Елбасы жариялаған Жолдауды компания басшысы Медет Кәрім бастаған өндіріс ұжымы үлкен ықыласпен тыңдады. Барлық айтылған тармақтар, белгіленген міндеттер мен мақсаттар қатысушылардың ойы мен жүрегіне жол тартты.

Стратегиялық құжаттың маңыздылығына, оның қоғам мен әрбір қазақстандық үшін алатын орнын ерекше атап өтті. Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын да қара алтын өндірушілер қуана қуаттады.

Медет Кәрім, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС директоры: «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының нәтижесінде еліміз көптеген қиындықтарды жеңіп, әлемдік аренада өзіндік орнын алды. Ендігі міндет озық отыз елдің қатарына ену. Биылғы Жолдауда осы мақсатқа жету жолдары көрсетіліп отыр. Оны орындау баршамызға ортақ міндет.

Ел дамуына әрбір қазақстандық, сіз бен біздің қосар үлесіміз мол болмақ. Әрине, мақсатқа жету үшін ең алдымен еңбектену керек. Қайсар қазақ халқының қажыр-қайраты көп. Демек, біз алмайтын қамал жоқ. Алдымызда үлкен міндеттер, биік белестер тұр».

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Егер естеріңізде болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің жаңа - 2014 жылмен құттықтауында: «Осы жаңа жылдық түнде біз өз өміріміз бен еліміздің өміріндегі жаңа бөлімді ашамыз. Оның барлық 365 парағы таза. Оған түсетін жазбалар әрқайсысымыздың жігерлілік пен жан тәнімен беріліп жасалған қимылдарымызға байланысты. Бір жылдан кейін біз мақтана алатындай жетістіктер болатынына сенемін», –деген болатын. Әрине, бұл сөздер Елбасының жаңа Жолдауында арқау болатын негізгі тақырыптардың бастамашысы еді.

Ел тұрғындары мемлекет басшысының жаңажылдық құттықтауымен қатар, жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын асыға күтеді. Өйткені, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі ең маңызды тарихи оқиға болып табылады.

Елбасының әр жылғы Жолдауы тарихи маңызы мол күрделі құжат және әрқайсысының жүгі бөлек. Жаңа «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдау, шын мәнісінде, жаңа мақсаттарға итермелейтін тың идеяларға толы. Жолдау бағдарламалары «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген жаңа бастамаларға жол ашады.

Стратегия адамзат қызметінің түрлі салаларында жиі қолданылатын түсінік. Бұл – теориялық және практикалық тәжірибенің негізін айқындайтын көрсеткіш. Сонымен бірге, мемлекет стратегиясы белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі әлеуметтік топ күштері балансының өзгерістері бағыттарын анықтайды. Стратегиялық міндеттер арқылы мемлекет қоғамдық тәртіпті ұйымдастырады, азаматтар қызметін реттейді және жеке ұсыныстардың дамуына шарттар қалайды, қауіпсіздігін қорғайды, қоғамдағы адамгершілік бағыттарының дамуына әсер етеді. Егер мемлекет стратегиясы халықтардың бірігуіне, дамуына және өркендеуіне ықпал етсе, ұлттық құндылықтарды иеленетіні анық. Аталмыш феноменнің негізі мемлекет саналатындықтан, әлемдік қауымдастықтың орнын анықтайтын халықаралық қатынастар мен қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық көрсеткішін танытатын ішкі саясатта қолданылуы ерекшелігін танытады. Заманауи әлемдік саясаттағы өзгерістер оның мәні мен жетістіктерін ұғыну қажеттілігін туындатып отыр.

Мемлекет стратегиясы елдің маңызды ұлттық мүдделері және қоршаған ортадағы өзара қатынастар жолдарын қамтамасыз ету құралдарының тұжырымдамалық әдістері жүйесін біріктіреді. Стратегияның «сәулетшілері» мен «инженерлері» өз ойларын тереңдетіп, қажетті қаржылық және материалдық ресурстарын айқындап, жұмыс жоспарын құрады.

Ел тарихындағы жаңа дәуірдің кемел келбеті саналатын «Мәңгілік Қазақстан» жобасы ұлттық идеясының басты мақсаты – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Елбасы аталмыш дамыған елдер қатарына кіру бойынша жоспарды ұсынып, тұжырымдаманы жүзеге асырудың төмендегідей ұзақмерзімді басымдықтарын белгіледі: инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу; Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру; ғылыми қамтымды экономика құру арқылы Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру; инфрақұрылымдық үштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету; XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы саналатын шағын және орта бизнесті дамыту; қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасау; мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру.

Еліміз осы міндеттерді атқару жолындағы ұмтылыстарын Жолдауда айтылғандай екі кезеңде жүзеге асыруы қажет: XXI ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезең; 2030 - 2050 жылдар аралығында еліміздің ғылыми қамтымды және жасыл экономика қағидаттарына негізделген орнықты дамуын қамтамасыз ететін кезең. Елбасы биыл атқарылуы тиіс шараларға тоқталып, Үкімет пен Ұлттық банкке нақты жеті тапсырма берді.

Басты мақсаттарға жетуді көздейтін барлық іс-әрекеттер мынадай қағидаттарға негізделетіндігі айқындалды: қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығы; өзара тиімді ашықтық; қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру; бүкілхалықтық қолдау.

Біз, қазақ тілінің ғылым мен білім, интернет тіліне арналуы бойынша жұмыстардың бастамашымыз. Бүгінгі таңда Голландиялық журнал мен германдық, американдық конференцияларда қазақ тілінде ғылыми мақалалар жарияланып жатқандығын көзіміз көруде. Ал, әлеуметтік желілерде, әсіресе, facebook, twitter-де қазақ тілінде мәліметтер көбеюде.

Ұлт көшбасшысы уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесінің құндылықтарын атап көрсетті: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы жалпыұлттық құндылықтар базасында жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негіздерін қалыптастыру мақсатында Жолдау тапсырмасына сәйкес «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеу қолға алынуда.

Жолдауда ұсынылған тапсырмаларды жүйелі және өз мерзімінде орындау Қазақстандағы жаңа саяси бағыттардың іргетасы саналады. Сондықтан «Қазақстан-2050» Стратегиясы Отанымыздың жаңа ұлы жетістіктері мен табыстарын жалғастырудағы тиімді өркендеудің тура әрі берік бағыттаушысы болмақ. Жас ғалым ретінде Жолдаудан жақсы ой түйіп, Қазақ елін «Мәңгілік Ел» ету идеясы, елімізді расында ЖАҢА ЕЛ болу жолындағы ұлы мұраттарға итермелейді. Ұлт көшбасшысының Қазақ елін қалыптастыру, дамыту жолындағы еңбегіне қолдау көрсете отырып, жастық жігеріміз бен білікті білімімізді туған еліміз бен халқымыздың дамуына, ең дамыған 30 елдің қатарында болуға бағытталатын істерге арнайтын боламыз. Дегенмен, Елбасының «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын», - деген пікірін назардан шығармауымыз қажет.

Елбасы биылғы Жолдауында Қазақстан – 2050 Стратегиясының жастарға арналғанын айрықша айтып, ел тағдырына немқұрайдылық танытпай, осы жолда белсенді жұмыс жасауға шақырды. Бұл әкелік, аталық сөзді халқымыз жүрегіне түйіп, алдымызға қойылған ұлы мақсаттарды Елбасымен бірге атқарып, Қазақ елін Мәңгілік Елге айналдыруға қызмет ететіндігімізге сеніміміз мол. Елім деген жастарымызды болашаққа жолбастар ұлы істі бірге атқаруға шақырамын.

**Мұрат НАСИМОВ,**
**саяси ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің тәрбие жұмысы және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры.**

● САЛЫҚ БАЗАСЫ

**Салық– халық қазынасы. Өткен жылы облыс салық түсімі көрсеткіштері бойынша республикада тоғызыншы орыннан төртінші орынға табан тіреді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткізілген салық түсімдерін ұлғайтуға арналған отырыс осындай жағымды жаңалықпен басталды. Сонымен бірге, биылғы жылы атқарылатын жұмыстар жайында да кеңінен қамтылды.**

Өткен жылы салық, әділет, қаржы департаменттері мен өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармалары арасындағы өзара меморандум өз нәтижесін көрсетті. Бірлескен меморандум арқылы өңір тайқазанын толтыруға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, Әлібек Тілегенов өткен жылы қаланың геокартасы арқылы бірқатар көлеңкелі бизнестің ашылғанын тілге тиек етті. Осындай геокарта аудандарда да жасалу керек. Облыста тіркелмеген мыңнан аса нысан салық төлеуден жалтарған.

# САЛЫҚ ТҮСІМІНДЕ ТӨРТІНШІ ОРЫНДЫ ЕНШІЛЕДІК

– Барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысы үш негізгі көрсеткіш арқылы бағаланатыны әрдайым айтылып келеді. Ол тұрақты жұмыс орындарының ашылуы, салық базасын кеңейту мен нәтижелері және әлеуметтік саяси мәселелерді қамтамасыз ету. Былтыр облыс шоғырландырылған бюджетке 600 млрд. теңгеге жуық қаражат түсірген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 102 млрд. теңгеге артық орындалғанын көрсетеді. Өңіріміз өсу қарқыны бойынша республикада екінші орынды еншілеп отыр,–деді аймақ басшысы Қ.Көшербаев.

Отырыста баяндама жасаған облыстың бас салықшысы Әлібек Тілегенов өткен жылғы жұмыстардың нәтижелері туралы мәлімдеді. «Облыстың салық түсімдері үлкен мұнай компанияларының есебінен молайып отырғаны рас. Олар жалпы көрсеткіштің 90 пайызын құрайды. Ал, ауылшаруашылық саласы бойынша түсімдер көңіл қуантарлық емес. Өйткені бұл саланың өңірімізде кенжелеп қалғанын жасыра алмаймыз. Сондықтан ауылшаруашылық өнімдерін өндіру арқылы қосымша салық түсімдерін көбейтуге мол мүмкіндік бар», – деді облыстық салық департаментінің басшысы Ә.Тілегенов.

Өңірдің минералды-шикізат көздері индустриялды-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік береді. Бірақ бұл жерде бір нәрсе айқын болуы керек. Мәселен, Арал ауданындағы «Арал тұз» АҚ–ірі кәсіпорындардың бірі. Онда 750-ден астам адам жұмыс жасайды. Жыл бойы шығарылатын тұз ол аумақта бірнеше тонналап жатады. Алыстан көрінгенде «ақ тауға» ұқсайтын мұндай тұз үйінділері желді күні өңірдің 100-150 шақырымына таралады. Бұл жергілікті жердегі тұрғындардың денсаулығына кері әсер ететіні белгілі. Сондай-ақ, Арал ауданында кварц құмының қоры бар. Жаздың аптап ыстық күндері мен шаңды дауылында бұл аумақтағы құм бірнеше шақырым жерді ластайды. Міне, осы тұрғыда үлкен кәсіпорындар жергілікті жердің экологиялық жағдайына кері әсер етіп отырғандықтан, облыс қазынасына молырақ салық төлеуі керек.

Жиналысты қорытындылаған облыс әкімі салық түсімдерін молайту бойынша бірқатар жауапты тұлғаларға тапсырмалар берді.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**

# ЖЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ



Астанадан қазақ әдебиетінің орны толмас ауыр қазаға ұшырағаны туралы суық хабар келді. Қазақтың сүйікті ақын қызы, халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақыруларының депутаты Фариза Оңғарсынова 75 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы Атырау облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында туған. 1961 жылы Атырау мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркін дала, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ мектебінде ұстаздық еткен. 1966-1968 жылдары Атырау облыстық «Коммунистік еңбек» партия тұрмысы бөлімінде – әдеби қызметкер, 1968-1970 жылдары республикалық «Лениншіл жас» газетінің Ақтөбе, Атырау, Орал облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметін атқарған. 1970-1978 жылдардың аралығында республикалық «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы, 1978 жылдан «Пионер» журналының бас редакторы болған. Алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан бастап шыққан.

Тұңғыш өлеңдер жинағы «Сандуғаш» 1966 жылы жарық көрді.

Қазақ әдебиетіндегі ақын қыздардың көшін бастап, түрен салған, қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан ақын, Қазақ елінің маңдайына біткен жарық жұлдыз бүгін сөнді... Амал не?!

Қазақтың біртуар ақын қызы, ұлы тұлғаның қазасы әр қазақтың жанына батары сөзсіз.

Фариза Оңғарсынқызының келбеті мен туған еліне қызмет еткен өнегелі ғұмыры, әдебиет өлкесіндегі ізі Сыр өңірі халқының есінде сақтала бермек.

**Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы.**

# ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Елбасы Н.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында білім саласына айрықша басымдық берді. Оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуда дуальды оқыту технологияларын енгізуді, осыған орай Үкіметке тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Дуальдық жүйе – маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін – өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Қазіргі кезде, әлемде оқытудың дуальды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол – кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді. Бүгінгі күні колледж 60 қалалық және облыстық мекемелермен, өндіріс орындарымен, шаруа қожалықтарымен әлеуметтік әріптестік туралы келісім-шарттар жасады. «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалы, «Локомотив» Қызылорда пайдалану локомотив депосы, «Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясы», «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы, «Қызылорда жол дистанциясы» АҚ, «Қазақтелеком» Қызылорда облыстық телекоммуникациялар дирекциясы, «Қызылорда жылу орталығы» мекемелерімен жаңа оқыту жүйесіне көшу туралы әлеуметтік-әріптестік келісім-шарттарға қол қойылды.

Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің «Агрономия» мамандығы дуальды оқытудың пилоттық жобасы бойынша «сынақ алаңы» ретінде белгіленді. Осы мамандық бойынша Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институтымен әлеуметтік-әріптестік келісім-шарт жасалды. Оқу орны алдағы уақытта «Колледж-студент-кәсіпорын» арасындағы үшжақты шарт жасауды жоспарлап отыр. Нәтижесінде, маман дайындаудың дуальды жүйесі дәстүрлі оқыту әдістеріндегі кемшіліктерді, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды, студент өзінің ертеңгі жұмыс орнымен танысады, оған ие болу мүмкіндігін сезінеді, сондай-ақ, ол бәсекеге қабілетті болса ғана кәсіби маман ретінде бағаланып лайықты табысқа қол жеткізе алатындығын түсінеді. Осы ретте 2013 жылы облысымыздағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында дуальды оқыту технологияларын енгізудің алғышарттары туралы Германиядан арнайы келген халықаралық сарапшы семинарлар өткізіп, тыңдаушыларға арнайы сертификаттар берді.

Дуальды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

**Біріншіден**, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

**Екіншіден**, жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

**Үшіншіден**, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

**Төртіншіден,** жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

**Бесінші**, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

**Алтыншы**, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер.



**М.ӨТЕМҰРАТОВ,**
**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық колледжінің директоры.**

● НҰР ОТАН

Жуырда Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауын жолдады. Онда еліміздің дамуының даңғыл жолы сараланып, нақты міндеттер айқындалды. Сондай-ақ, Қазақстанның 30 елдің қатарына кіруі үшін атқарылуға тиіс он бағытты атап айтқан болатын. Соның ішінде бесінші бағыт ол мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек қолын беру. Осы ретте Елбасы барлық әлеуметтік институттар мен үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясына мүгедектерге қамқорлық көрсету мақсатындағы жұмыстарды қолға алуды нықтап тапсырды. Осыған орай сәрсенбі күні еліміздің барлық аймағында «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабылдауында мүгедектер үшін ашық есік күні өтті. Бұл шара Сыр өңірінде де жүзеге асты. Қабылдауға келген кембағал жандар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, кеңестер алды, ұсыныс-тілектерін білдірді.

# МҮГЕДЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСПАҚШЫ

Мұнан соң «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек аймақтық филиалдармен бейнемәжіліс өткізді. Шараға біздің өңірден облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова, «Нұр Отан» партиясы ҚОФ төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков пен ҮЕҰ жетекшілері қатысты. Шара барысында Б.Байбек мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту аясында атқарылатын жұмыстардың төрт бағыт бойынша жүзеге асырылатынын жеткізді. Біріншіден, мүгедектерді тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету. Екінші бағыт, партия тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз жағдайлар туғызу, яғни, нысандардың қолжетімдік картасын жасау. Үшіншіден, мүгедектер жайын, олардың қалай өмір сүріп жатқандығын, немен айналысатындарын ақпараттандыру. Төртіншіден, олардың құқықтық сауаттарын арттыру мен құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Осы мақсатта «Кедергісіз келешек» жобасы да жүзеге асатын болады.

Айта кету керек, қазіргі күні елімізде еңбекке жарамды 400 мыңнан астам мүгедектер болса, оның 51 мыңы ғана жұмыс жасайды. Сонымен бірге, 18,5 мың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарының 14,5 мыңы олар үшін қолжетімсіз болуда. Осылайша жиын соңында нұротандықтар Жолдаудан туындаған өзекті мәселенің түйінін тарқатып, нақты шаралар арқылы іске асыратындықтарын жеткізді.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

# Оқырман хаттары

● ҚУАНЫШ

## ШАЛҒАЙДАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП

Әркімге өзі он бір жыл білім алып, өмірге қанат қақтырған алтын ұясы ыстық көрінеді. Арал ауданындағы №75 Қарашалаң орта мектебі талай жастың өмірден өз орнын табуына лайықты жол сілтеген. Ондағы ұлағатты ұстаздардың еңбегі де өлшеусіз. Іші алтынға толы, алайда сырты көрер көзге көріксіз ескі мектеп үйін көргенде көңіліміз құлазитын-ды. Халқының тұрмыс жағдайы айтарлықтай емес ауылда жаңа мектеп бой көтереді деп ойлаудың өзі қиын еді. Аймақтың білім саласына, жас ұрпақ тәрбиесіне жауапкершіліктің артқаны болар, көп кешікпей ауыл балалары жаңа мектеп есігін ашады.

Алыс ауыл балаларының болашағына алаңдаған, олардың заманауи үлгідегі мектепте оқып, білім алуына мүмкіндік жасаған ел ағаларына, құрылысшылар қауымына ауыл тұрғындары дән риза.

**Айгүл КҮЗЕНОВА.**
Қарашалаң ауылы,
Арал ауданы.

● ТАҒЗЫМ

## БАБА РУХЫНА БАС ИДІК

Қыс қарсаңында кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұратын Ысты ата ұрпақтары Шымкент қаласының көрікті жеріне орналасқан түпкі бабалары Бәйдібек атаға қойылған ескерткіш жанында бас қосты. Биіктігі екі метрден асатын ескерткіштің авторы мүсінші Насыр Рүстемов, ал оның орналасқан жері болашақ демалыс бағына айналады деп межеленуде.

Басқосуға Сыр өңірінен барған делегаттар қаланың Д.Қонаев мұражайында болдық. Ол біртуар тұлға атындағы даңғыл бойына орналасқан. Естуімізше, атын үш рет өзгерткен бұл даңғылға тек халықтың ұсынысымен бұдан он жыл бұрын қоғам қайраткері, үш мәрте Еңбек Ері болған Дінмұхаммед Қонаевтың есімі беріліпті. Ұлы тұлғаның елі үшін жасаған қызметі мен адами қасиеттерін келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында аймақта 2001 жылдан бастап «Аталар сөзі» атты қоғамдық саяси газет шығарылып келеді. Онда жарияланған Димаш атаның «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелігі көп арасында қызу талқыланып, сан түрлі пікір туындатты.

Қонаев қоғамдық қорының президенті А.Ойшиев Димаш ата мұражайының салынуына ел азаматтарының сүбелі үлес қосқанын атап өтті.

**Жұмағали ЕРҒАЛИҰЛЫ,**
**ардагер ұстаз.**

● МИЛЛИОНЕР МҰҒАЛІМ

## ШЫҒАРМАШЫЛ ПЕДАГОГ

Білім саласы мұғалімдер қызметінің сапасына, яғни ұстаздың теориялық білімі мен кәсіби шеберлігіне, шығармашылық қызметіне тікелей байланысты.

Осы тұрғыдан келгенде Сүттіқұдық ауылындағы Б.Аралбаев атындағы №52 мектептің биология пәнінің мұғалімі Тұрсынбек Жұпарбаевтың есімін мақтанышпен атауға болады. Өз ауылында еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жетіп келе жатқан ұстазды ұжымдағы әрбір жас маман үлгі тұтады. Тұрсынбек 2004 жылы облыстық педагогикалық оқуда I орын алды. Ол облыстық «Біз таңдаған жұлдыз» медалінің, «Сегіз қырлы, бір сырлы» номинациясының иегері, сонымен қатар, ол республикалық ғылыми-әдістемелік «Мектептегі ғылыми жұмыс» журналының «Шығармашыл педагог» сайысының жүлдегері. Оқушысы Гүлзинат Жақыпбек те «Ең үздік ғылыми жұмыс» номинациясы бойынша I орын иеленді.

Сонымен бірге, «Жас алаш» газеті ұйымдастырған қазақ тілі карикатура бәйгесіне, «Темір жол замандастар көзімен» атты республикалық фотоконкурсқа қатысып, Алғыс хатпен, «Нұр Отан» партиясы ұйымдастырған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» сырттай байқауына қатысып, III орын иегері атанды.

Облыс әкімінің білім қызметкерлеріне тағайындаған миллион теңге сыйақысының иегері атанған Тұрсынбектің алдағы алар асулары бұдан да жоғары болары анық.

**Мөлдір ЗАХАРОВА,**
**№52 мектептің мұғалімі.**
Жаңақорған ауданы.

● ТІЛЕК

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ҚУАНЫШ СЫЙЛАСЫН!



Алаштың азаттығы үшін арпалысқан Мұстафа Шоқайдың аты бүгінде аңызға айналды. Кеңес үкіметінің саясаты қандай, «халық жауының» тұқымы ретінде Мұстафа Шоқайдың туыстарын да қуғындады. Біздің әкеміз Нұртаза Мұстафа Шоқайдың інісі болатын.

Елдің егемендік алуымен бірге Мұстафа атамыз да өзіне жағылған қара күйеден арылды. Елден жырақ тұрсақ та, ата-бабамыздың жерінде болып жатқан игі өзгерістерге қуанып отырамыз. Мұстафаның исі Алаш үшін еткен еңбегінің ақыры қайыр болғаны болар, қазір елде оның атында ескерткіш, көше, мектеп, жоғары оқу орындары көптеп саналады.

Нұртаза Шоқай атылған кезде одан Мадина, Мадияр, Намина есімді балалар қалған екен. Әкеміз Мадияр Ленинград университетінің журналистика факультетін бітіріп, «Жас Алаш» газетінде, білім саласында жемісті еңбек еткен. Біз одан бес ұл, бес қыз тараймыз. Үлкеніміз Ғалымжан марқұм болған, оның әйел-балалары Шоқайлардың кіндік қаны тамған Сыр өңірінде өмір сүреді. Мен өзім Жетісай жерінде туып-өсіп, көршілес Өзбекстанның Ташкент облысына тұрмыс құрдым. Жолдасым Расул екеуміздің төрт ұл-қыз тәрбиелеп, бес-алты немере сүйіп отырған жайымыз бар. Айтайын дегенім, өмірімізге қадам басқан жаңа, Жылқы жылы құтты болсын! Жерлестеріміздің отбастарында шаттық орнап, қуаныш молайсын демекпін.

**Бибінұр МАДИЯРҚЫЗЫ.**
Төменгі Шыршық ауданы,
Ташкент облысы.

## БІР ӘУЛЕТТІҢ АНАСЫ

Рысқұл Әжмағанбетованың біздің ауылдағы текті тұқым саналатын Тоқтамыс әулетіне келін болып түскеніне де алпыс жылдың жүзі ауыпты. Жұбайы Мырзахан Жәкенов ауыл мектебінде мұғалім болатын-ды. Ерлізайыпты мұғалімдердің алғашқы қадамдары сәтті басталды. Берекелі отбасынан қонақ арылмайтын. Рысқұл бәріне де үлгіретін еді.

Қазір Рысқұл жеңгеміз өркен жайған бір әулеттің ұйытқысы, барлық істің бастаушысы саналады. Зейнет жасында болса да, ол отбасы тірлігінен қол үзген жоқ. Келіндері мен қыздарын қолөнерге баулып, ұлттық киімдерді қайта жаңғыртып келеді. Оның қолынан шыққан бөрік, тымақ, ішік, қаптал шапандар өзінің қазақи өрнегімен көпшілік көңілінен шығуда. Ол, сонымен қатар, қараша үйдің іші-сыртын өз қолымен өрнектейді. Осыдан біраз бұрын Рысқұл өрнектеген ақбоз үй Наурыз мерекесінде көрмеге қойылып, арнайы жүлдеге ие болды.

Өзінен тараған жеті ұл-қызынан отызға тарта немере, оннан астам шөбере сүйіп отырған Рысқұл – ауыл қадірлісі. Елдің тыныштығы мен көптің амандығын тілеген әулет анасы өзінің бақытты ғұмыр кешкеніне, ұрпағының өмірі бұдан да жарқын болатынына сенеді.

**Мырзабек ЖӨНБАЙ,**
**сауда саласының ардагері.**
Ж.Маханбетов ауылы.

● РЕНІШ

## АУЫЗ СУ ҚОСТЫРУДЫҢ ӘЛЕГІ



Қазіргі таңда кімге барып мұң шағарыңды білмей дал боласың. Білім саласында қырық жылдан астам уақыт еңбек еткен зейнеткермін. Өзіммен бірге I топтағы мүгедек інім тұрады. Айтайын дегенім, осы жылдың 29 қазанынан бастап қарашаның ортасына дейін жеке үйімде ауыз су болған жоқ. Бұл жайында кезінде «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне, қалалық әкімшілікке хабарластым. Олардың жауабы қысқа болды. Жеке үйдің мәселесіне олар жауапты емес, тұрғын өзі шешуі тиіс екен. Сонымен әркімге жағдай айтып жүріп, екі рет ақылы түрде суды қостырдым. Алайда, мекемеге айтылса да, екі-үш күннен кейін үйім тағы да судан ажыратылды. Су төлемін уақытында артығымен төлеп отырмын, сонда маған қоятын кінәсі не екенін анық біле алмадым. Мекеме басшысы М.Өсербаевқа жағдайымды ауызша баяндап, жазбаша арыз да бердім. Алайда, өзгергені шамалы.

Осындайда су жүйесі мекемесі өз жанынан жеке үйлердің түрлі ақауларын жөндеуге ақылы қызмет түрін ұйымдастырса деген ұсыныс айтқым келеді. Онсыз да олар көрсетілген қызметке ақы төлейді. Сол қаржы заңды түрде мекеме қорына құйылса жақсы емес пе?

**Бақытжан ҚЫРҒЫЗБАЕВА,**
**Алтынсарин көшесі,**
**65 үй тұрғыны.**
Қызылорда қаласы.

● АЛҒЫС

## ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ЖАН

Өмірде адамның денсаулығынан артық ешнәрсе жоқ. Жасымыз бүгінде 70-тен асты, зейнеткерміз. Жас ұлғайған сайын денсаулығың да сыр береді екен. Бүгінде дертіңе дауа іздеп, ақ халатты жандардың көмегіне жүгінуге тура келеді. Біз №3 емханаға қараймыз, сырқаттанып қалып жатсақ, осы емхананың қызметіне жүгінеміз. Қазір барлығымызға белгілі болғандай портал мәселесі бар. Ауруханаға жолдама алу үлкен кезекті күттіреді. Десек те, жасымыздың үлкендігін, жағдайымызды түсініп жататын мейірімді жандар да табылуда. Солардың бірі аталмыш емхананың бас дәрігерінің орынбасары Назтай Қақпанқызы. Бұл кісіге айтар алғысымыз шексіз. ауырып барсаң, өз жөндемін ешаянып қалған емес. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, барынша айығып кетуіне тілекші болып жүреді. Одан нағыз дәрігерлік мейірімді көресің. Сондықтан ардагер ретінде өз ризашылығымызды жеткізе отырып, Назтай Қақпанқызының отбасына амандық, жұмысының алға басуына тілек білдіреміз.

**Қоныс АЙБАТОВ,**
**Жанила АЙБАТОВА,**
**ардагер зейнеткерлер.**

## КӨМЕККЕ ЗӘРУМІН

Баспасөз бетінде біреудің үстінен шағым айтып, хат жазуға жаным қас еді. «Басқа түссе баспақшыл» дегендейін, өзім тығырыққа тірелген соң амалсыздан қолыма қалам алдым.

Жеке үй салу үшін жер алуға осыдан тура жеті жыл бұрын арыз берген болатынмын. Тіркеу кітабындағы нөмірім де есімде, ұйқымнан оятса айтып беремін. Өзім жесірмін, үш баламмен пәтерден пәтерге көшіп жүрген жайым бар. Жер беріліп қала ма деп жылда жер комитетінің есігін тоздырдым. Ондағылар да әбден әккі болған, «келесі жылы келіңіз» деп шығарып салады. Олар үшін маған бар-жоғы 10 сотық жер бөлу қиынның қиыны болып тұрғандай.

Жалғызбасты ана ретінде маған көмек беретін, өтінішіме құлақ асатын билік орындарына өтінішімді жеткізгім келеді.

**Шынар ӘЛІМБАЕВА,**
**қала тұрғыны.**

**Оқырман хаттарымен сырласқан Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

● ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ

# АҚСУАТТЫҢ АУҚЫМЫ ҰЛҒАЙДЫ



Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округі әкімі А.Нұрсейітов халық алдында кезекті есептік кездесуін өткізді. Әкім есебі Елбасының «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жариялаған Жолдауынан бастау алды. Еліміздің қоғамдық саяси өмірінде үлкен мәнге ие болған әкімдердің халық алдында есеп беруі демократиялық құндылықтар жалғасы. Жаңадан сайланған әкімдер биылдан бастап енді жылына төрт мәрте, яғни тоқсан сайын халықтың алдына шығып атқарған жұмыстары жайлы есеп беретін болады.

Бес жарым мыңға жуық халқы бар Ақсуат ауылдық округіне Ж.Маханбетов ауылы мен Наурыз саяжайы кіреді. Саяжай деген атауы болмаса, «Наурыз» елді мекенінде 1309 адам тұрады. Ақсуаттың ауқымын кеңейтіп, саяжай атауын алып тастағысы келген әкімнің ұсынысы құптарлық. Суы мен жолы, электр жарығының әлсіздігі – наурыздықтардың түйткілді мәселесі. Әкім келешекте үлкен көшелердің жарықтандырылатынын айтты. Сондай-ақ, “Ақбұлақ” бағдарламасы арқылы таза ауыз су тұрғындарға тұрақты түрде берілмек.

Кеңес Одағының Батыры Ж.Маханбетов ауылы – тарихи ауыл. Осы ауылдан түлеп-өскен, елге еңбегі сіңген талайлы тұлғалы азаматтарды келешек ұрпаққа үлгі-өнеге ету мақсатында ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Остаевтың бастамасымен мектеп ішінде мұражай ашылған.

Халық санының өсуіне байланысты былтыр «Наурыз» саяжайынан жаңа 300 орындық білім ошағы салынып №268 мектеп пайдалануға берілді. «Балапан-2020» бағдарламасы аясында «Наурыз» саяжайында 140 орындық балабақша салынып жатыр. Үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, ауыл орталығынан 90 орындық балабақша үшін жер белгіленіп, құрылысы 2016 жылға жоспарланған. Ауылдағы жалғыз дәрігерлік емхана бес жарым мың халқы бар ауыл тұрғындарын толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, медициналық қызметтерді заманауи жүйелермен қамтамасыз ету мақсатында арнайы дәрігерлік емхана құрылысының құжаттары дайындалып, көктемнен бастап салу жоспарлануда. Клуб мәселесі ауылдың ең бір шешімін таппай келе жатқан шаруалардың бірі болатын. Былтыр «Жабдықтау» ЖШС жаңа 150 орындық клуб үйінің құрылысын аяқтап, пайдалануға берді.

Ауылдан шыққан кәсіпкерлер туған жеріне қамқор қолдарын созып тұрады. «Даму» ЖШС басшысы А.Далханов 538 мың теңгеге жаңа №268 мектеп терезелерін жалюзимен қамтыған. Кәсіпкер азамат М.Белгібаев тұрмысы төмен отбасы балаларына жаңажылдық сыйлық алып берсе, қалалық мәслихат депутаты М.Есжановтың демеушілігімен 4 ауыл ақсақалы Жаңақорған ауданындағы шипажайда ем алды.

Ауыл азаматтары «Кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша несие алып, мал ұстап, төрт түлік басын көбейту мақсатында шаруаларын дөңгелентіп отыр. Тұрғындар әкімнің есебін қолдады.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

**Бүгінде әлеуметтік желілер ақпараттық қоғамның алдыңғы шебіне шықты. Әлемдегі және өз еліміздегі жаңалықты жеткізу мен оны талқылауда әлеуметтік желілердің жылдамдығы мен мүмкіндігі дәстүрлі ақпарат құралдарынан әлдеқайда озып кетті. Таяуда ғана мәлім болғандай, желілер рейтингісінде «Facebook» көш бастап тұр. Ақпанда он жылдығын тойлайтын әлеуметтік желіде 1,4 миллиард адам тіркелген. Одан кейінгі орын миллиардтаған қолданушысы бар «YouTube»-ке тиесілі. Ресейлік «В контакте» де бірінші ондықтан орын алған.**

# ҚАЗАЛЫНЫҢ КӘМПИТІ

## немесе фейсбуктегі талқылаулар

ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР

facebook

Ал РИА Новости 2013 жылдың соңында әлемнің ең ірі 20 әлеуметтік желісінде 5,7 миллиард аккаунт тіркелген, деп хабарлады. Өзіміздің ҚазАқпаратқа сүйенсек, Қазақстанда интернетті 10 млн.-нан астам адам пайдаланады.

Әлеуметтік желіде әр түрлі көзқарастағы, көңіл-күйдегі, діни нанымсенімдегі адамдар отыратындықтан өз ойларын ашық білдіреді. Қандай сурет пен бейнекөрініс салса да, шектеу жоқ. Мұнда кез келген тақырып әр түрлі жанрда баяндалатындықтан оған пікір білдірушілердің де айтары әрқилы. Кейде желіні қолданушылар майда-шүйдені қаузап, ішкен тамағының суретін жариялағаны үшін бір-бірін кінәлап жатады.

Әлемдегі бір жарым миллиардқа жуық адамды бір желі бойына «байлаған» «Facebook»-те талқыға түсетін, маңызды, қызықты тақырыптарды екшеп, оны оқырман назарына ұсыну үшін “Желідегі жазбалар” айдарын аштық. Ендеше мұндағылардың не дейтінін сіз де біліңіз, оқырман.

Фейсбук қолданушы Мұхамбедия Ахметов “ФБ-ның грамматикасынан бірер мысал: «саган ким тисты?», «шошкеттім го», «аласамайспа», «унытып калыптым», «комектесезбе?», «комегм қатты тиереді», «айтватрқ го», «жазамдевет»... Осындайлар толып жатыр, қалай жөнге салуға болады?” деп сауал тастайды. Бұл постқа пікір жазған Халима Тәжіқұл “Жетесіне жететіндей етіп жекеде сөйлесу керек” десе, Ғанибет Ғалымбекұлы “Солай жазатындарға, тіпті, еліктеп бара жатқандаймыз ғой, деген пікірін білдірген. Ал Тоқтар Жақаш “Меніңше, онда тұрған дәнеңе жоқ. Қазір бүкіл әлемде слэнг дамып келеді. Мұны да қазақша слэнг деп қабылдау керек” деген көзқараста.

Жетпісінші-сексенінші жылдардың төлдері Қазалыдан шығатын кәмпиттің дәмін ұмыта қоймаған шығар. Дүкендерде адамның жанынан басқаның бәрі сатылатын қазіргі заманның балаларына ол кәмпиттің дәмін аңыз қып айтқанмен, сене қоймас. Жақын күндері Фейсбукта Жасұлан Серіков “Қазалы кәмпиті. Бренд болып келе жатыр” деп балалық шағымыздың тәтті естелігінің суретін жариялады. Ұзын-сонар коментарийлердің тізбегін түзушілердің қатарында Жаңагүл Жүрсін “О, таныс кәмпит! Дәмі өзгеріп пе? Бұрынғыдай болса, алар едім”, депті. Ал Ақназар Әбдімәліков “балалық шағымда мектептен келе жатып кірпіш зауытқа соғып, пештен жаңа шыққан кәмпитті газетке орап жейтінбіз, қазір үйге базарлыққа келіп тұрады” деген жылы естелігімен бөліскен. Кейбіреулер біздің “ащы кәмпитті” сәлемдememен салып жіберуді сұраса, енді біреулер оны нарыққа шығару туралы ұсыныстарын жазған.

“Шымкентте той серуеніне автобуспен шығу сәнге айналды” деген постты жұртпен бөліскен Ғалымбек Жақсылықов бұған “Жақсы бизнес идея” деп баға берсе, пікір білдірушілердің бірі Айгүл Жаханова “Мейлі не істесе де ермеміз ғой. Бір кезде пойыз да жалдар. Бірақ “аттыға еріп жаяудың таңы айырылыптыға” жетпесек болғаны. Тікұшақпен қыдырып, шетелде той жасайтын қазақ емеспіз бе?! Алайда соның бәрінің сұрауы барын неге түсінбейді екенбіз”, деген.

Фейсбукшілер Украинадағы жағдайды, шоу-бизнестегі жаңалықтарды, ұстараның жүзіндей өткір дін тақырыбын, футбол жайлы ұдайы талқылап отырады. Біздің елеп-екшеп көрсеткеніміз теңіздің тамшысындай ғана бөлігі.

Ал, бейсенбінің кешінен бері Фейсбуктің қазақ тілді лентасы қара жамылып тұр деп айтуға болады. Фариза ақынынан айырылған жұртшылық бір-біріне көңіл айтуда. Ақынның ізінен ерген іні-сіңлілері естеліктерін жариялап, поэзия патшайымының бейнесін бұрынғысынан да биіктетіп әкетті.

Фейсбукті шолып шыққан
**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

Дүбірлі дүние

# УКРАИНА: ҚАҚТЫҒЫС ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

**Қазір әлем назары Киевке ауып тұр. Оппозиция бастаған шерушілер мен билік арасындағы қақтығыс жұма күні тіпті шиеленісіп кетті. Бір тәулік ішінде барлық талаптарын орындатпақ болған ереуілшілер жайлы ел Премьер-министрі Николай Азаров «Біз мәселені бейбіт жолмен шешуге мүддfestеліміз, бірақ бұл олардың қисынсыз талабын орындау деген сөз емес» деген пікір білдірген еді.**

Бұдан бұрын қақтығыс кезінде екі ереуілшінің қаза болғаны жөнінде ақпар таратылған еді. «Украинская правда» газетінің хабарлауынша 20-25 жас аралығындағы тағы бір жас жігіт ауруханада көз жұмған. Ресейдің «Россия 24» телеарнасына сұхбат берген Н.Азаровтың «Жауапкершілік жағдайды осынша ушықтырған оппозициялық партиялардың жетекшілеріне артылады. Алдағы бірнеше күнде олар бағыттарын айқындап алуы тиіс. Егер оппозиция бұзақылар мен экстремистерді, арандатушыларды қолдаса, онда солармен бірге екенін айтсын. Ал егер оларды қолдамайтын болса, онда үкіметпен бірлесіп, қала көшелерін арандатушылардан тазартуға кіріссін», – деген пікірінен кейін жағдай тіпті ушығып кетті.

Киевтегі бұлғаққа қатысты ел пікірі екіге жарылып тұр. Мысалы, «Евромайданға» қарсы шыққандар таяуда ғана «Киевтіктер таза қаланы жақтайды» атты қозғалыс құрып үлгерді. Қозғалыс лидері Иван Проценко АҚШ елшілігіне Украинаның ішкі ісіне араласпауды талап еткен мәлімдеме әкелген. Оның пікірінше, елдегі ереуілді Америка қаржыландырып отыр.

21 қаңтарда Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Украинадағы жағдайдың «бақылаудан шығып бара жатқанына» алаңдаушылық білдіріп, Киевтегі шиеленістің созылып кеткеніне Украина оппозициясын айыптады.

Украина Парламенті қабылдаған жаңа заң бойынша, рұқсат етілмеген жиын өткізгендерге салынатын айыппұл көлемі мен қамау мерзімі көбейді.

Ал БҰҰ адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Нави Пиллэй бұл заңның адам құқықтары жөніндегі халықаралық заңнамаларға сай келмейтінін айтып отыр. Ол Украина билігі азаматтардың ой-пікір еркіндігін, бейбіт жиын өткізу, ақпарат алу еркіндігін және азаматтық қоғамның еркін жұмыс істеу құқықтарын бұзды деп, тез арада оларды жоюға шақырды.

# ПӘКІСТАН: ЖАРЫЛЫС ҚҰРБАНДАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

**Пәкістандағы Белуджистан провинциясында автобуста болған жарылыс салдарынан кем дегенде 20 адам қаза болып, тағы осынша тұрғын ауыр жарақат алды, деп хабарлады Би-би-си телерадикорпорациясы.**

Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, жарылыс кезінде автобуста 51 жолаушы болған. Бірақ сараптама дұрыс жүргізілмегендіктен оншақты адамнан әзірге хабар жоқ.

БАҚ мәліметтеріне қарағанда, жарылыс Кветтадан 60 шақырым жерде екі автобустың бірінде болған. Іле-шала Равалпинди қаласында тағы бір жарылыс болды. Ел астанасы Исламбадқа жақын орналасқан шаһардағы жарылыс әскери нысандар көп шоғырланған аумақта орын алған.

# ИРАК: РАДИКАЛДЫҚ ТОП ТЕРАКТІНІ МОЙНЫНА АЛДЫ

**Ирактағы «Ансар ас-Сунна» исламшыл радикалдық тобы желтоқсанның соңында болған жарылыстарды мойнына алып, Сочиде өтетін олимпиада ойындарында жаңа терактілер жасайтынын ескертіп, мәлімдеме жасады.**

Бұл туралы Deutsche Welle басылымы хабарлады.

Солтүстік Кавказ исламшыл содырларын қолдайтын интернет сайттарында жарияланған бейнежазбада өздерін Сулейман және Абдурахман деп таныстырған екеу Волгоградтағы терактіні жасағандарын мақтанышпен айтып, енді Сочиде жаңа жарылыстар жасауға дайындалып жатқандары туралы мәлімдейді. Бейнежазбаға қатысты Ресей құқық қорғау орындары әзірге ешқандай түсінік берген жоқ. Ресейдегі Волгоград қаласында 29 және 30 желтоқсанда қатарынан екі жарылыс болып, 33 адам қаза тапқан еді. Ал оны мойнына алып отырған «Ансар ас-Сунна» радикалдық тобы 2003 жылы Иракта құрылған, осы елдегі АҚШ әскерімен және жергілікті үкіметпен күресіп жүрген ұйым.

# ВЬЕТНАМ: 30 АДАМ ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ

**Вьетнамда бір күнде отыз адам героин контрабандасымен айналысқаны үшін өлім жазасына кесілді деп хабарлайды Associated Press.**

Сотта белгілі болғандай, 21 ер азамат пен 9 әйел Лаостан Вьетнамға 2 тонна есірткі алып өтумен көптен айналысқан. Елде заң қатал болғандықтан олар ірі көлемдегі есірткіні Қытай асырмақ болыпты. Вьетнам заңы бойынша небәрі 600 грамм есірткі үшін өлім жазасына кеселеді. Есірткі өндіру жағынан Ауғанстаннан кейінгі екінші орын алатын Вьетнамда осыған дейін 700-ге адам ауыр жазаға тартылған.

# ТАИЛАНД: ЕЛГЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЕНГІЗІЛДІ

**Туристік орталық саналып келген Бангкоктың да басына бұлт үйіріліп тұр. Өткен жылдың қарашасынан бері ереуілдетіп жатқан елде жақында шерушілер тобына жарылғыш лақтырылып, отызға жуық ереуілші зардап шеккен еді. Осыдан сабақ алған Таиланд билігі тұрғындарға бес адамнан артық топ болып жиналуға тыйым салды.**

Бейсенбі күні күшіне енген өкімге үкімет басшысы Йинглак Чинават қол қойған. Құжатта сондай-ақ журналистерге ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін екіұшты ақпараттар пен хабарламаларды жариялауға тыйым салынып отыр. Өкімнің күші төтенше жағдай енгізілген барлық провинцияларға таралады.

Билікке өкпелі жұрт онсыз да көшеге шығудан қалып отыр. Оған себеп, аяқ астынан күн райының күрт суып кетуі. «Ауа температурасының төмендеуі 63 адамның қаза болуына әкеліп соқтырған»- дейді, ИТАР-ТАСС. Елдегі метеорология департаментінің ақпары бойынша, адамдардың өліміне көп жағдайларда суық ауа райының әсерінен туындаған аурулар себеп болуда.

Синоптиктердің дерегіне қарағанда, корольдіктің солтүстік пен солтүстік-шығыс провинцияларында түнгі мезгілде ауа температурасы әлі де төмендейді. Мұндай ауа райы Таиланд астанасында соңғы 30 жылда болмаған екен.

# АҚШ: ТАБИҒАТ ТОСЫН МІНЕЗ ТАНЫТТЫ

**Американың Нью-Йорк, Нью-Джерси мен Делавэр штаттарында сейсенбіден бастап қатты жауған қардан елдің солтүстік-шығыс пен орталық-батыс аймақтарында төтенше жағдай енгізіліп отыр деп хабарлайды ИТАР-ТАСС.**

АҚШ-тың ұлттық метеобюросының болжамы бойынша, бір тәуліктің ішінде жауған қар көлемі 36 см-ге жеткен. Чикаго, Бостон мен Нью-Йоркті қалың қар басып қалды.

«Қолайсыз күн райында үйде қалып, жолға шықпауларыңызды өтінемін», - дейді Нью-Йорк губернаторы Эндрю Куомо өз мәлімдемесінде.

Біраз бұрын Пенсильвания, Нью-Джерси, Коннектикут, Вирджиния, Батыс Вирджиния мен Кентукки штаттарының билігі ауа райына байланысты барлық мектепті жапқан болатын. Табиғаттың тосын мінезінен жергілікті әуежайлар да күнтізбесін өзгертуге мәжбүр.

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ және СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ

> «Өтірік, әдетте, соғыста және аңшылықта көбірек айтылады».
> **Отто фон Бисмарк,**
> **XIX ғасырдағы Германия канцлері.**



*«Түркістан газетінің 2013 жылғы 7 қараша күнгі санында журналист Көлбай Адырбекұлының «Ерлік пен әділдіктің символы» атты мақаласы жарық көрді. Мақала авторы жазушы Мамытбек Қалдыбайдың «Мен – халқымның Бауыржанымын» атты жаңа туындысы оқырмандар қолына тигенін айтып, сол кітаптан бірнеше үзінді келтіріп, қазақтың біртуар ұлының бұрын оқырман қауымға беймәлім жаңа қырларын ашқан.*

*Жазушы Мамытбек Қалдыбай батыр Бауыржан Момышұлының жанында жиырма бір жыл жүрген жан. Ұлағатты сөздерін тыңдап, тәрбиелік мәні зор әңгімелеріне қаныққан. Жай тыңдап қана қоймай, сол бойда блокнотына тыңғылықты түсіріп отырғанын біреу білсе, біреу білмес. Кейін сол екеуара әңгіме-сұхбаттары бірнеше кітап болып, оқырмандар ықыласына бөленді. Сол еңбектерінен Баукеңнің болмысын, мінез-құлқын көргендей әсерге бөленесің. Оның басқалардан өзгешелігі де сонда.*

*Иә, соғыс – қасірет. Сұрапыл соғыс жағдайында адамның санасы қабылдауға сыймайтын оқиғалар болады. Оның шынайы деректері ұзақ уақыт көпшіліктен бүркемеленетіні сондықтан. Қазір жетпіс жыл бойы мұрағаттарда «өте құпия» грифімен сақталып келген құжаттарды Ресей тарихшылары қайта қопарып, сол қасіреттің әкелген зардаптарын көпшілікке жария етуде. Ал бұл құжаттар соғыспен бірге сол кезеңнің ақиқатын көз алдыңызға әкеледі. Айтар ойымызды нақтылау үшін біз алдымен К.Адырбекұлының мақаласын жариялап, Мәскеу түбіндегі қасіретті күндерді баяндайтын тарихи деректерді қосымша оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.*

## Б. Момышұлы: «Бычков өле білді» немесе К. Адырбекұлының мақаласынан

Баукең қай кезде де атағын малданып, пендешілікке бой алдырып, үлкен басын кішірейтпеген жан. Тіптен белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов пәтер алуына көмектесуін сұрап келгенде ол: «...Мен қалалық атқару комитетінің төрағасы емеспін. Үй бер деп ешкімге айта алмаймын. «Пәленше Бауыржан туралы кітап жазып еді, енді Бауыржан оған үй беріңдер деп жүр», – демей ме жұрт. Естіртіп айтпағанмен, ішінен ойлайды. Дүниеде ішінен ойлап, естіртпеген жаман», – дейді. Нұршайықов көпке танымал жазушы. Бірақ осы арада Баукендікі жөн емес деп көріңіз.

Әзілханның «Ақиқат пен аңыз» кітабы жарық көріп, Жазушылар одағында талқылауға түседі. Әзекең Баукеңе: «Қаламгерлердің біразы: «Сен Александр Бек пен Бауыржан Момышұлына қандай жаңалық қостың? Өзіңнен не бар? – деп мені сөкті», – деп налиды. Сонда Баукең: «Сен түсінбепсің. Олар сені сөккен жоқ. Әділін айтты. Өз жазғаныңды өзің оқып шық. Олардың: «Не жаңалық қостың, ештеңе көре алмай отырмыз», – дегені орынды. Сол себепті өкпелеуіңнің жөні жоқ. Бұған түсінбесең, ашқан жаңалығыңның атын аташы? Қандай жаңалығың бар? Түсінсең, олардың сыны – мүлде әділ. Сен бекер өкпелеп отырсың, шырағым», – дейді.

Рас, Әзілхан Нұршайықов көпке танымал ғана емес, көркем шығармаларымен құрметке бөленген жан. Атағы да аз емес. Содан болар орынды сынды қабылдағысы келмей, Баукеңнен қолдау іздеп келген. Ал Баукеңнің бағасы ол ойлағандай болмай шықты. Әділдікке жүгінді. Дегенмен, Әзекеңнің «Ақиқат пен аңызға» қосқаны бар екен. Бірақ ол қосқаны шындықпен мүлдем жанаспайды. Момышұлы: «Менің Қасым Қайсеновпен таныстығым шамалы. Жолыққанда: «Бауке, ассалаумағалейкум» деп амандасады. Мен де: «Е, амансың ба, қарағым» дегеннен басқа сөз айтып көрген емеспін. Бірақ ол туралы «Ақиқат пен аңыздағы» диалогқа құралған сөздердің авторы мен емеспін. Оның көңілімді сұрап, палатама келгені қып-қызыл өтірік!», – дейді.

Автор Баукеңнің осы айтқандарына көз жеткізу үшін Қасым Қайсеновке барып жөн сұраған. Сонда батыр партизан: «Мен Бауыржанды соғыстан кейін ғана көрдім. Ол кісіні Батыр, жазушы ретінде қатты құрметтейтін адаммын. Әйтсе де, бірде-бір рет ауруханаға барып, ол кісінің көңілін сұраған емеспін. Ал Әзілхан мені «Ақиқат пен аңызда» ауруханаға барғызып, көңілін сұратып қояды. Жай сұратып қойса мақұл ғой. Сол күні карантин екен. Ішке кіруге рұқсат жоқ. Мен күзетшіні тыңдамаппын. Соны Баукеңе өзім былай баяндаппын. «Қасымға карантин бөгет болушы ма еді? Қақпаға барып едім, кіргізбеді. Бір бұрышты айналдым да қоршау тақтайды теуіп қалып, біреуін сындырдым. Бірақ одан сыймадым. Екіншісін сындырдым да сып етіп аурухананың ауласына кірдім». «Қоршау тақтайды сындырғаның үшін өзіңді сотқа берсе қайтесің?» – Бұл Баукеңнің сөзі. «Жоқ, Бауке, одан қорықпаймын. Жасанған жау тұтқын лагерін тоғыз қабат сыммен қоршап, автомат пулеметін кеудеме кезеп тұрғанда да олардың тас-талқанын шығарғанмын», – деймін мен теріме сыймай күпсініп. Осылай, Әзілханның жазуынша, мен басбұзар да, ұрда-жық, даңкеуде біреумін. Бауыржан да ақымақтың кейпін киген. Әйтпесе, бұрын заң қызметкері болып істеген ол кісі: «Қоршаудың тақтайын сындырғаның үшін өзіңді сотқа берсе қайтесің?» деген тәрізді ақымақ сұрақ қоя ма? Ол кісінің осылай сұрақ қоюының өзі Баукеңнің характеріне сай келе ме? Оның үстіне Бауыржан емделіп жатқан Министрлер кеңесі ауруханасы ешуақытта ешқандай тақтай қоршаумен қоршалмаған. Он Әзілхан жабылса да құлата алмайтын жуан темір тормен қоршалған. Ешқайсымызға зиянынан басқа пайдасы жоқ мұндай ойдан қосылған өтіріктің неге керек болғанын түсінбедім».

«Ақиқат пен аңыздың» роман-диалог деген айдары бар. Оқырман ұғымымен қарасақ, шығарма нақты сұрақ-жауапқа құралған. Алайда автордың Баукең айтпаған сөздерді ойдан қосып, өзінше бұра тартып жіберген осындай жерлері аз емес екен. Демек, кітаптың атына заты сай емес. Ақиқаттан біраз алшақтап кеткені көзге шыққан сүйелдей байқалады. Баукең де жазушы. Бірнеше кітаптары бар. Шығармаларын жұрт сүйсініп оқыған. Оның үстіне ол туралы көп жазылды да. Александр Бектің «Арпалысы» («Волоколам тас жолы») 87 елде жарық көрді. Демек Баукең әлемдік тұлға. Ойдан құраған басқа бір көркем шығарма болса мақұл-ау. Жұрттың көзі көріп, мінез-құлқы халқына сіңісті болып кеткен батырдың образын өтірікпен әспеттей алмайсың. Қалың оқырман қабылдамайды да. Қайта кері әсерін тигізері анық. Жоғарыда келтірілген мысалдар соның дәлелі дер едім.

Ал Баукең мұны Мамытбек Қалдыбайға неге айтты? Ұпай жинау үшін бе? Жоқ! Тағдырдың талай қатал сындарынан өткен батырдың өтірікті жаны сүймейді. Кеш те болса Әзілханның халықты, қалың оқырманды алдаған қателіктерін осындай ыңғайы келген сәтте түзеткенді жөн көрсе керек. Бұл да басқалар үлгі алатын жай. Адамның жаны шындыққа құмар. Ақиқатқа жеткенше жан-дүниесі тыншымасы хақ. Мамытбек Қалдыбай батырдың бұрмаланған шындығын осы кітабы арқылы бізге, бізден кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыр. Меніңше, кітаптың құндылығы да осында болса керек.

Автор кітабына академик Хайдар Арыстанбековтің Баукең туралы естелігін де кіргізген.

«...Баукеңмен екінші рет Алматы ауылшаруашылық институтында ректор болып жүргенімде, 1960 жылдың басында кездестім. Ол кісіні институтқа шақырдым. Институтымыздың әскери кафедрасында қырық шақты оқытушы бар еді. Бір оқытушымыз полковник, орыс кісі.

– Аса құрметті, Бауыржан Момышұлы! Сіз әлем тарихын білесіз. Жер жүзінде атақты жеті қолбасшы бар. Соның ішінде қайсысына ерекше құрмет көрсетесіз? – деген сұрақ қойды. Бұл кім-кімнің де рухани жан дүниесін таразыға салатын сұмдық арандатушылық сұрақ қой». Баукең іркілмей бірден жауап берді:

– Машиналық кезеңге дейін Шыңғысханға, машиналық кезеңнен кейін Иосиф Джугашвилиге ерекше құрмет көрсетемін.

Құдай сақтасын, залды айқай кернеп кетті. Студенттер еденді ұзақ тепкілеп, шапалақ ұрып тұрып алды.

Арандатушылық сұраққа әлгіндей деп жауап беру қылышынан қан тамған қызыл империя кезінде оңай емес еді. Басыңды аламын десе де, өз пікірін ештеңеден қаймықпай, ашық айтатын Баукеңнің осы бір адамшылық асыл қасиеті біздерге, ұрпағына қандай үлгі?

Кабинетіме еңісімен Қазақстан Орталық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Плотниковқа телефон соқтым.

– Бауыржан Момышұлымен кездесу өткіздік. Мынандай сұраққа Баукең былай деп жауап берді. Сендерге пысықайлар сыбырлайтын шығар. Олардан бұрын өзім айтып қояйын, – дедім. Ол күліп:

– Қауіптенетін ештеңе жоқ. Бауыржан – Бауыржан ғой. Ол кісіге ештеңе дей алмайсың, – деді».

Қан майданның сынақ алаңы екені бесенеден белгілі. Кімнің кім екені сонда танылады. Сұрапыл соғыс кезінде жараланған пулемет ротасының командирі Торопыгинге көмектеспей жан сауғалап кетіп қалған Бычковты, сондай-ақ, «Шегінбеңдер!» деген бұйрыққа құлақ аспай, командирге доқ көрсеткен Юрьевичті Баукең соғыстың қатаң заңымен атқызған. «Волоколам тас жолында» бұлардың шын аты-жөндері басқаша алынған. Өйткені уақыт көтермейтін еді. Жүрегіне салмақ түсірген өкініші көп сол бір оқиғаны араға бірнеше ондаған жылдар салып, ашығын Мамытбекке айтыпты.

«... – Бычков! Юрьевич! Саптан он қадам алға шығыңдар! – Бычков қалтырап, дірілдемей бұйрығымды бұлжытпай орындады. Юрьевич те кері бұрылды. Бұрылғанымен, біз жаққа мойнын созып, жаутаңдап қараумен болды. Кенет екі қолын алға созып, шыңғыра айқайлады.

– Жолдас, комиссар!

– Атыңдар! – дедім мен оның сөзін аяқтатпай. Юрьевич оқтан қорғанғандай екі қолын алға созған, Бычков қозғалмай, тіп-тік тұрған күйі кескен теректей сұлап түсті. Полковниктер, комиссарлар шендері үлкен болса да маған: «Неге әскери трибуналға бермедің, мұның заңсыздық», –деп бір ауыз сөз айтқан жоқ».

Бұл Баукеңнің соғыс кезіндегі шұғыл шешімі. Темірдей қатал тәртібі. Ал соғыстан кейін Баукең осы бір жайға оймен қайта-қайта оралған.

«... – Бычков өле білді, – деді әлден соң Баукең түзеле отырып. – Ол есіме түссе, жылағым келеді. Бұл, қарағым, соғыс трагедиясы. Үнінен де, жанарынан да қайғы ізін көріп, Баукеңді аяп кеттім. – Бычков ажалды нағыз ерлерше қарсы алды деп жәй айтып отырғаным жоқ. Ол тағы да жаудың оғынан емес, өзіміздің оқтан өлді. Соны киноға түсірсең, сұмдық қорқынышты көрініске тап болар едің. Оны ойласам, бөлмеме сыймай кетем. Азамат екен! Атпау мүмкін емес екенін түсіне білді. Қандай биік саналылық?! Егер кешірім жасап, тірі қалғанда одан тамаша командир шығары сөзсіз еді. Оған толық сенемін. Ол мына Алматының түбіндегі Талғардың бір қызына үйленген жапжас лейтенант еді.

Ертесіне кешкілік блиндажда отырсам, комиссарым Логвиненко: «Осылай Бычков қорқақтығы үшін атылды», – деген жазуы бар қағазды әкеп тұр. Аяқ жағында штаб бастығы екеуінің қолы бар. Мен үнсіз оқып шықтым да, сіріңке талын тұтатып, жағып жібердім.

...Бычковты жерлегенімізге бір тәулік қана өткен. Енді үйіне, әке-шешесіне «Қорқақтығы үшін атылды» деп хабарлаудың қажеті бар ма? Бұл оның ата-ана, туған-туысқандарын қорлау ғой. Қағазды жағып жібергенім, ондай оңбағандыққа бара алмаймын дегенім. Түсіндің бе?

– Түсіндім».

«Теңіздің қасиеті тамшысынан». Біз Мамытбек Қалдыбайдың жаңа туындысынан аздаған мысалдар ғана келтірдік. Кітапты толық оқып шыққан жанның ұлттың ұлы тұлғасы, батыр Бауыржан Момышұлына деген құрметі бұрынғыдан да арта түсері анық.

## Бұйрық талқыланбайды, орындалады немесе біздің түсіндірме

Біз кезінде генерал И.Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясының құрамында ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен 28 батырдың ерлігін қайта ревизиядан өткізбек болған ресейлік журналистердің мақалаларына қатысты өз пайымдауларымызды білдірген болатынбыз. Соғыс кезіндегі аласапыранда панфиловшылар ерлігіне байланысты журналистер асығыстықпен болған оқиғаны бұрмалаушылыққа жол берген. Осыған қарамастан, тарих және Ресейдің ақпарат құралдары панфиловшылар ерлігіне байланысты өз тұжырымдарына соңғы нүкте қойды: Ақиқаты – ерліктің болғаны рас!

Тарихи деректерге жүгінейік. 1941 жылдың қазан-қараша айларындағы Мәскеу түбіндегі қорғаныс ұрыстары барынша қантөгіспен ерекшеленген еді. Панфилов дивизиясының қорғаныс шебі – 41 шақырым! Әскери тарихшылардың пікірінше, дивизия үшін қорғаныс шебінің тиісті көлемі 10-12 шақырымнан аспауы қажет. Бұл Қызыл Армия Жарғысында көзделген норма! Осындай санаға сыймайтын қорғаныс шебін ұстап тұру үшін дивизия жауынгерлері күші басым жаумен тынымсыз арпалысып жатты.

16 қарашада немістердің Мәскеуді басып алу бағытында басталған соңғы шабуылы өте жойқын еді. №316 атқыштар дивизиясының қорғаныс шептеріне немістердің 35-ші жаяу әскер дивизиясы, 2-ші, 5-ші, 11-ші танк дивизиялары шабуыл жасап, кейбір тұстарда бұзып-жарып өтіп, 10-12 шақырым алға жылжыды. Қатары селдіреген 35-ші дивизия көп шығынға ұшырап, Мәскеуге 22 шақырым қалғанда маңдайы тасқа тигендей ес жия алмай тұралап қалған еді. Ал Батыс майданының қолбасшысы Г.Жуковтың «Ни шагу назад!» атты бұйрығы осындай қысылтаяң сәтте жарияланды. Бұл бұйрықты орындау үшін жауынгерлердің өз шептерінде жантәсілім етіп жатқаны соғыс қасіретінің ащы шындығы болатын. Ал әлгі Баукеңнің әмірімен атылған жауынгерлер сол бұйрықтың құрбаны еді.

Бүгінде әскери тарихшылар бұл бұйрықтың барынша қатігез болғанын айтады. Соның алдында Мәскеуді бірнеше ондаған неміс истребительдері бомбалап, астанада орын алған үрейден мекеме басшыларынан бастап жаппай қашу, тонау белең алған. Бұл берекесіздікті Сталин НКВД-ның жазалау күшімен тоқтатуға мәжбүр болды. Астана көшелерінде күдікті ретінде ұсталғандар дереу атылып жатты. Тарихшылар Сталиннің 1942 жылғы бұйрығына қарағанда Жуковтың 1941 жылғы қазандағы бұйрығы тым қатал болғанын айтады. Саяси тұрғыдан алғанда Мәскеу және Ленинград қорғаныс ұрыстарында Жуков өте қатал болды. Ал оны Сталин қолдады. Соғыстың тағы бір шындығы – Баукең осы бұйрықты орындады. Ал соғыста бұйрық талқыланбайды, орындалады.

1941 жылдың қазан, қараша айларында Сталиннің бұйрығымен Мәскеу қорғанысы өзіне сеніп тапсырылған Батыс майданның қолбасшысы Г.Жуков кеңес әскерлерінің шептерін бұзып жарып өткен неміс армияларының екпінін тежеу мақсатында қатаң бұйрықтар жариялады. Ал бұйрықтар сұрапыл соғыс жағдайын көз алдыңызға әкеледі. Оларда былай делінген еді:

«0346. 13 октябрь 1941 г.

...объявить всему командному составу до отделения включительно о категорическом запрещении отходить с рубежа. Все отошедшие без письменного приказа ВС фронта и армии подлежат расстрелу».

«049 19 октября 1941 г.

...установить строжайшую ответсвенность вплоть до расстрела за оставление вооружения в оборонительных сооружениях при отходе войск с укрепленных рубежей».

«21 октября 1941 г. Заставить 17 и 53 сд упорно драться и в случае бегства выделенному отряду заграждения расстреливать на месте всех, бросающих поле боя».

«22 октября 1941 г. На 17 дивизию немедленно послать Селезнева, командира 17 сд не-

медленно арестовать и перед строем расстрелять».

Бұл бүгінде Ресейдің әскери тарихшыларының мұрағаттардан алынған бұйрықтары. Соғыстың қатігездігі соншалық, Жуков немістер Мәскеуге таянғанда армия, дивизия командирлерінің өзін аяусыз жазалап отырған. Оны 22 қазандағы бұйрықтан аңғаруға болады. Кейін олардың жазалары біршама жеңілдетілді, қызметтері төмендетілді, бірқатарына ұрыс даласында өлуіне рұқсат етілді. Көзсіз батырлықпен ұрыс даласында өлген полковник шеніндегі үлкен офицерлер де болды. Ал №316 дивизия Батыс майданының құрамындағы К.Рокоссовскийдің №16-армиясының сапында жанқиярлықпен арпалысты. Осындай аласапыранда, тозақ отында жүріп Панфилов дивизиясы Мәскеу қорғанысындағы ұрыстарда жанқиярлық ерлік үлгісімен тарихқа енді.

Ал академик Хайдар Арыстанбековтың естелігіне қатысты не айтуға болады? Баукең әлгі орыс полковниктің арандатушылық сұрақ қойған 1960 жылы Кеңестік басшы Никита Хрущевтің Сталинді жаппай қаралап, тіпті оның Ленинмен бірге Мавзолейде жатқан денесін қайта жерлеуге жасырын тапсырма беріп жатқан кезеңі болатын. Қайран Баукең Яков Джугашвилиді (Сталинді) ұлы қолбасшы деп атап, Хрущевтан да сескенбеген Батыр!

Соғыстың шындығын айту үшін де үлкен ерлік керек. Ал қайран Баукең сол шындықты бүкпесіз айтты. Айтылмай кеткені қаншама! Айтылмай кеткен сырдың ішінде Жуковтың бұйрығы да бар еді. Батырдың әлгі офицерді атып жібергендегі жан күйзелісін түсінуге болады. Жаудың күші бірнеше есе басым, қару-жарақ, оқ-дәрі жетіспейді. Бірақ бұйрықсыз бір адым да шегінуге болмайды. Мәскеу түбіндегі қатігездіктің сипаты, міне, осындай. Соның өзінде №35-ші неміс жаяу әскер дивизиясының командирі генерал Вальтер Фишер: «Біз орыстардың №316 атқыштар дивизиясының жойқын қарсылығына тап болып, үлкен шығынға ұшырадық. Оларды жеңу мүмкін емес», деп жазды. «Орыстар» деп отырғанының ішінде Баукең сияқты батыл қазақ командирі болғанын қайдан білсін әлгі неміс генералы.

Соңғы деректер бойынша жалпы Мәскеу үшін болған ұрыстарда кеңес жағынан 1 млн. 200 мыңдай, неміс жағынан 700 мыңға жуық адам өлді. Соғыс қасіреті мұнымен бітпейді. Өйткені соғыста да кәдуілгі өмірдегідей пенделікке бой алдыратындар, жалған атақ пен абырой үшін көпе-көрінеу өтірікке баратындар да кездеседі. Соғыста да өмірдегідей біреулердің жолы болып, екіншілерінің тағдырына қара бұлт үйіріліп жатады. 1943 жылғы Курск шайқасы кезінде қарсы шабуылға шыққан Кеңес Армиясының немістің қарулы күштеріне қарағанда адам, техника, ұшақтар саны жағынан едәуір басым болған. Бірақ сол шайқаста кеңес генералы Ротмистров әскерді сауатсыз басқаруы салдарынан техника мен адам күшінің түгелге жуығынан айырылады. Бұл қиын-қыстау дейтін 1941 жыл емес қой, барлығын елепекшеп отыратын Сталин ашуға мініп оны майдан даласынан Мәскеуге шақырады. Бұл дегеніңіз трибунал!

Ротмистровтың тағдыры қыл үстінде тұрғанда Сталиннің қаһарынан оны генерал Василевский құтқарып қалды. Жалпы, тарихта қалыптасқан пікір бойынша Жуков Сталинге сөзін өткізе алатын батыл қолбасшы ретінде аталады. Бірақ Сталин соғыстың белгілі кезеңдерінде бас штаб бастығы болған генерал Василевскийдің де сөзіне құлақ асып, оның дәйектемелерін назарға алып отырған. Василевский осы жолы досы Ротмистровты құтқарып қалу үшін қып-қызыл өтірікке барды. Қалайша?! Сталиннің алдына Ростмистровтың күл талқан болған танк армиясына қарсы тұрған неміс құрамаларының шығыны бірнеше еселеп көрсетілген жалған ақпар түседі. Деректерге көз салған Сталин сабасына түседі. Міне, «приписканың» көкесі, қосып жазудың құдіреті деген!

Ал 600-ден астам адамы мен техникасын қоршаудан аман алып шыққан Баукең өжеттігі мен тапқырлығы үшін 1942 жылы Кеңес Одағының Батырлығына ұсынылды. Шындықты бетке айтатынның жауы көп болады. Ақыры сол қағазы құрғыр жоғарыдағы кабинеттерде жоғалып кетті.

Соғыстың ащы шындығы, міне, осы. Батыр атағы марқұм Б.Момышұлына 1990 жылы Кеңес Одағы тарқайтынның алдында берілді.

**Біздің түсініктемедегі деректер «Вестник архива президента Российской Федераций» журналынан - авторы Сергей Кудряшов және басқа ресми құжаттардан алынды. (А.Ж.)*

**Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.**

# ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, МІНЕЗІ КӨРКЕМ ҰСТАЗ ЕДІ...



Ұлы Абайдың отыз жетінші қарасөз-ғақлиясындағы:

«Дүние – үлкен көл,
Замана – соққан жел,
Алдыңғы толқын ағалар,
Артқы толқын
Кезекпенен өлiнер,
Баяғыдай көрiнер», – деп,

терең толғануының сырын ойға алғанда әрқашан өткен өмір, зымыран құс – замана керуені көз алдында жылжып бара жатқандай көрінеді. Сосын кемеңгер Абай атамыздың қалайша дәл айтқанына әрі қысқа тұжырыммен көп ой білдіргеніне дән риза боласың. Міне, екінші мыңжылдықты тәмамдап, үшінші мыңжылдықты бастағанымызға да он үш жылдан асты, Тәуелсіздігіміздің жиырма екі жылдық мерекесін тойлағалы отырмыз. XX ғасыр өзінің сан алуан оқиғаларымен, өміршең өзгерістерімен, солардың бел ортасында жүріп, өнегелі іздер қалдырған өрелі өрендерімен, ел жадындағы асыл азаматтарымен есімізде мәңгі қалды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсаң, жүзі жарқын, өнегелі іс-әрекеттерімен жан-жағына нұрын шашқан абзал жандар арамызда көптеп саналады. Олардың біразы бүгінде өмірден өтті. Осындайда жалған фәниден шын дүниеге аттанған ғазиз жандардың асыл бейнелері, кісілік келбеті, адамгершілік қасиеттері көз алдыңызға еріксіз елестейді. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтіндей әсер қалдырады. Осындай «алдыңғы толқын ағаларымыздың» бірі – Жәкең – Жақсылық Ишанбекұлы Жылқышиев ағамыз болатын.

Жәкең өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, білім саласын, оның ішінде математиканы дамытуға сүбелі үлес қосуға арнаған абзал азамат болатын. Осы тұста сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің: «Тұла бойы тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас, бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралғандай» жан еді деген тұжырымы түптура Жәкеңе арнап айтылғандай еді. Міне, Жәкеңнің өмірден озғанына да жылдан асты.

Алланың нұрындай, көктемнің ақ жауынындай көпке шапағаты тиген аға еді. Ажал шіркінге не шара? Төрге шықса, төбедей, төбеге шықса, төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Жәкеңді өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны.

Жақсылық ағамыз қай істе де қаймана қазағына бүйрегі бұрған, ақ көңіл азамат еді. Бұл сөзді мен ғана емес, оны білетіндердің, көзін көріп, қызметтес болған, алдынан білім алып шәкірті болғандардың бәрі айтады. Ақжарқын, ақ көңілімен айналасына шуақ шашып тұратын Жәкең әрбір іс-әрекетінде үлкен бір сыр жатқандай, тереңдік бардай болатын.

Елге тұтқа болған, білім саласының білгірі болған азамат қашанда халық жүрегінде екені даусыз. Ол туралы өзі туып өскен ауылдастары, бірге қызмет атқарған замандастары да айтудан әсте жалыққан емес. «...Білетініміз, Жәкең кең парасатты, жаны сұлу адам еді. Үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайтын, кемшілікке төзбейтін. Лауазымы қандай дәрежеде болса да, адамның қателігін бүкпесіз бетіне айтатын. Тағы бір жоғары адамгершілігі, ұстаздардың арасында беделді, қанша жылдан бері зейнет жасына шықса да бала тәрбиелеу ісіне араласып, Жалағаш ауданы оқушыларын математикаға баулу, олимпиадаға дайындау ісіне араласып, жалықпай еңбек етіп, жеке басының байлығын күйттеумен әсте айналыспаған, қоңыр тұмақ азамат болатын...», – деген жылы лебізді Жалағаш ауданының әкімі болып, басқарып тұрғанымда талай естігенім бар еді... Осы әңгімені атпал азаматты ұзақ сапарға шығарып салуға қатысқан замандастарының да аузынан естідім.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді тұлғаның шәкірті атанып, туған ауданымды басқарған кезенде пікірлес, дәмдес болғанымды-тіршіліктегі нұрлы бір кезеңім деп еске аламын.

Мен Жәкең қай кезде, қандай қызметте болғанын тізбелеп, тоқталып жатпаймын. Оны өзгелердің еншісіне қалдырамын.

Ол кісіні мен №31 мектептің 4-5 класын оқып жүрген кезімде бізге математика пәнін қарапайым өмірмен шебер байланыстыра отырып, қолындағы он саусақтарымен рим сандарының бес және он сандарын көрсетіп тұрған шақтары жадымнан еш шыққан емес. Бірге оқыған кластастарымыздың басқосуларында да ұстазымыз туралы сағынышты ой қозғап, ұдайы еске алатынымыз бар еді...

Осы кезеңдерді еске алып, ақыл елегінен өткізгенімде, Ұстаз – ұлы сөз екендігін білдім... Небір ғалым-ұстаздардың да өз ұстаздары болған. Құрылысшының да, қойшының да өз ұстаздары болғаны тарихтан баршамызға аян. Өйткені, ешкім де іштен біліп тумайды. Жүре келе ағадан ақыл, ортадан өнеге үйренеді. Өз білгенін өзгелерге үйрету де өмірдің заңдылығы деп білемін. Менің осылай халық қалаулысы болуыма жол ашқан, осы Жәкең сияқты ұлы ұстаздардың берген білімінің арқасы деп білемін. Оларға мәңгілік басымды иіп өтемін..

Өзіме ұстаз бола білген Жәкең – жарық дүниеден қашан кеткенше, басынан бағы таймаған адам деп білемін. Әрине, бұл жалғанда төрт құбыласы түгел болған пенде сирек. Алайда тірліктің ләззаты отбасында дейтін болсақ, Жәкең бұл жағынан да бақытты жан еді.

Естеріңізде болар, Тұрмағанбет ақын: «Ерін күткен әйелді ханым десе болады» деп жырлағаны. Ерлі-зайыптылар бірін-бірі тәрбиелеп, бірін-бірі жетелейді. Кейіннен жеңгей жөніндегі жақсы пікірлерін, елімізге танымал аға-апаларымыздың үлкен той жиындарда айтқан жылы лебіздерінен білдік, Халипа жеңгей күллі қазақ еліне даңқы жайылған Домалақ ана, Айша бибі, Ұлжан, Айғаным секілді аналар дәстүрін жалғастырушы, қолы ашық, жоқты – бар, барды мол ететін, «Жүзігім алтын болғанша, жүзім жарқын болсын» дейтін көреген жеңгейдің өзі екен.

Адам – бұл дүниенің қонағы. Мұндайда сабырға қайрат қосатын, қайнаған күйікті басатын жұбату айту қиын. Иә, көкірегіміз қарсы айырылып, қайғыдан қабырғамыз қайысса да, Жәкеңнің көзі тірісіндегі азаматтық қасиеттерін еске алып, көңіл жұбатамыз. Фәни дүниені тәрк етіп, ғұмыры үзілгенмен, артында ауыз толтырып айтарлықтай жарқын істері қалды. Ендеше, Сіз, біздің мәңгі жадымыздасыз, Жәке!

Келместің кемесіне мініп, мәңгілікке сапар шеккен – Ағама, Ұстазыма, топырағың торқа болсын, демекпін...

**Қожахмет БАЙМАХАНОВ,**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.**

# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ АУЛА КЛУБЫ

Бегім ана көшесінің бойынан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тағы да бір аула клубы ашылды.

Аула клубының салтанатты ашылу рәсіміне Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Лариса Кәрібаева, бас демеуші «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ мұнай компаниясынан еңбек ресурстары жөніндегі басшысы София Даминова және әртүрлі өзге ұйымдардың бірқатар басшылары қатысып, құттықтау лебіздерін білдірді.



Бүгінгі таңда, Қызылорда қаласындағы әртүрлі компаниялардың демеушілігі арқасында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жеті аула клубы ашылған. Олар облыс орталығының аудандары мен қала маңындағы кенттерде орналасқан.

Қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы Дүйсен Бекеновтің айтуынша, мұндай клубтар айрықша қажеттілікті сезінетін азаматтарды әлеуметтендіру және олардың шығармашылығын дамыту үшін құрылған.

«Мүгедектерге зейінді ықыласпен көңіл бөлу – өркениетті қоғамның көрсеткіші, – дейді Д. Бекенов. – Осы ретте «ПҚҚР» АҚ мұнай компаниясының мұндай клубтарға жәрдемдесіп жатқаны көңілдегі қуаныш сезімін еселей түседі. Компания клубқа жиһаз жабдықтарын, DVD ойнатқышы бар үлкен теледидар тарту етумен қатар, үй-жайдың жалдау ақысын төлеуге де көмек көрсетті».

«Ұшқын» мүгедектердің құқықтарын қорғау және қолдау жөніндегі ҮЕҰ төрағасы Бақыт Жұмашев атап өткендей, тұрғындардың көпшілігі мұндай аула клубтарының ашылғаны туралы көбіне біле бермейді. Сондықтан, қоғам волонтерларды жұмысқа тартуды қолға алып отыр. Ашылған клубтардың барлығы аптасына үш рет жұмыс істейді. Келешекте клуб келушілер санының көбеюіне қарай тұрақты жұмыс жасайтын болады.

– Клубта барлығы жақсы ойластырылған. Мұнда дойбы, домино ойнауға, кітап оқуға, интернетке кіріп, қажетті мәлімет алуға болады, – деп ойымен бөліседі бала жастан мүгедек Бақтияр Бекниязов.

Нұрлыбай Ермұрат, 3-топ мүгедегі. Өндірісте жарақат алу салдарынан қолынан айырылған. Барлық 7 аула клубы ашылған сәттен бері ол өзінің жолдасы Бақтияр Бекниязовпен бірге қоғамдық жұмыстар атқарып келеді.

Клубтар өз жұмысын енді ғана бастады, алдағы уақытта үстел ойындарынан бөлек, көркемөнер және спорт үйірмелері ашылады деген үміттеміз.

Биыл қалалық бюджеттен жаңа аула клубтарын ашуға 12 миллион теңгеден астам қаржы бөлінетін болды.

**Лилия МАЛЬЦЕВА.**

*Динара Мəлікова 1988 жылы Жалағаш ауданының Мəдениет ауылында дүниеге келген. Халықаралық "Шабыт" фестивалінің лауреаты. Республикалық əдеби конкурстың "Алтын қалам иегері".*

*Ақын қыздың өлеңдері албырт, шынайы, таза қалпымен ұнамды. Оның «Он сегіздің көктемі», «Тəңір сыйы», «Қиялыма сыя алмаған екенмін», «Гүл қауызындағы хаттар» атты бірнеше жыр жинақтары жарық көріп, ақындардан да, оқырманнан да жақсы бағасын алған.*

*Жерлесіміз қазір Астанада тұрады. Жас талант алдымыздағы 1-ақпан күні облыс орталығында өзінің жеке шығармашылық кешін өткізбек.*



# Сыр елі дейтін елденбіз

Қасиетті Елденбіз,
Қасіретті жерденбіз:
Қызығымызды қымбат, паң –
Зымыранын күнде атқан,
Жан-тəнімізді улатқан,
Ұлардайын шулатқан –
«Байқоңырға» бергенбіз.
Ажар-көркімізден айрылып,
Қыр-омыртқамыздан майрылып,
Құс-қиялымыздың қанаты
Қатаймай жатып қайрылып,
«Жетісудың» қойнына
Жылап-еніреп енгенбіз.

Мұнда да біздей бар екен,
Ұя-мекені тар екен.
Зар-Нарық... киер киім мен
Ішер асына зар екен.
Ескексіз тесік қайықтай
Қалт-құлт еткен ғаріп тірлігіне
Бір Алла ғана жар екен.
Жуатыны – жаңбыр-қар екен,
Тапталатыны – ар екен...

...Несіне айта берейін,
Сыр елі дейтін Елденбіз,
Киелі дейтін Жерденбіз.
Ақ басты Алатау-Шалға
Ауылды тастап келгенбіз.
Ия...
Ауылдан келген қыз...

***

Алла ғана безінбейді адамнан,
Алла ғана бөлінбейді ғаламнан.
Жердің беті, жүректердің жұпары,
Бір Алланың мейірінен жаралған.
Жалғыз саған құлшылығым белгілі,
Аян екен, мендік өмір ендігі...
Ақыл айтып, батыр болып бұл күнде,
Адамдардың өлшеніп жүр ерлігі.
Сен барлығын естіп тұрсың кешіріп,
Еркелейді пенде біткен есіріп.
Бірін-бірі Құдай тұтып құлдарың,
Шын Алласын тауып жатыр кешігіп.
Сезем, ол да, кешіреді пендесін,
Бұл жалғанға бірінші рет келгесін.
Бір Аллаға тең келер ме құдірет,
Айтар пенде «Алла ғана кең» десін.
Келген таңды сүйіп тұрдым «тəубе» деп,
Тəубеліктен тауып жүрмін бір медет...
Құран ғана қадіріңді арттырып,
Алла ғана азабыңды емдемек.

## Мұң

Анамның көз жасында іркілемін,
Мұңсыздау сұқтанды екен көркіне кім?
Жырымды жайнамаз ғып жайдым, Алла,
Құлыныңның қабыл етші бір тілегін!

Əкемнің қиялында үзілемін,
Ілесе алар оның ізіне кім?
Өмірдің саусағынан сүйіп тұрмын,
Тірі боп одан қалай безінемін?

Əжемді əнге қосты дала бүгін,
Ғасырлар жазып алып даналығын.
Ақылымен есейтіп жіберді ме,
Жаулығына байланып бала күнім.

Ауылды аңсағанмен бара алмадым,
Жат жер үшін рас екен жаралғаным.
Қара жолда қалды ма аласарып,
Əке, сенің аяулы ақ арманың?

Бүгінде неге сонша мұңданамын,
Табанында тозамын бір қаланың.
Жанымның ауырғанын жаным сезді,
Осы екен ғой өмірде мұздағаным...

## Өлең берді...

Алла өзі кешірген соң пендесін,
Өлең берді өлеріме сенгесін.
Бірін-бірі жерлеп жатқан тіршілік,
Бөліп бере қояр дейсің кім несін?

Алла өзі өмір берді күрделі,
Сəби-жүрек сыналарын білмеді.
Азабымнан арман жасап алғанмын,
Мазағына күйдіре алсын кім мені?

Жүрек өзі істей алды дегенін,
Жүрек дейтін жалғызыма сенемін.
Бір ғасырға қайта келер хақым бар,
Бұл ғасырға болмаса да керегім!

Сезім өзі жасырмады шындығын,
Ақиқатым аласарып жүр бүгін.



Мен сиякты ойлай алар көп адам,
Мен сиякты айта алады кім мұнын?

Жиырма төрт жыл соғып тұрған кеуденің,
Қашан...кай кез... жаныларын білмедім.
Көңіл болып құбылады құрғырлар,
Өлең болып ойланғанын көрмедім!

***

Мен гүлмін ғой,
Су құйып жүрші сезіммен.
Мен Күнмін ғой,
Көрініп тұрам көзіңнен.
Мен желмін ғой,
Алдыңнан шығам ұмтылып.
«Сағындым» дедің келдім ғой,
Жүрекпен бірге ынтығып.
Мен жыр екем,
Жазылмай жүрген түндерде.
Сүйген бір шақта тірі екем,
Сезініп сен де көрдің бе ?
Мен жас екем,
Жан адам оны көрмейтін.
Өмір дегенің осы екен...
Жанарға симай сырғитын.

***

Қала мені шамдарымен арбайды,
Бұл қалаға болмайды екен ар-қайғы.
Жарықтардың жанарына мұң сіңген,
Жанымды бір шарықтата алмайды.

Бұл қалаға керек екен махаббат,
Сезімім жүр суық қарды аралап.

Базары басым көңілдің,
Жүзіне қарап жеріндім.
Көппенен бірге күліп ап,
Елеусіз қалып егілдім.

Достың да білмей ниетін,
Сенім бар бірге жүретін.
Құдай-ау, бір жан бар шығар,
Күнəсіз мені сүйетін!

Сезім жүр мені басқарып,
Ақыл тұр одан жасқанып.
Көзімде уақыт көктейді,
Барады өмір басталып.

Адалмын десем пендемін,
Жаман да емен сенбегін.
Күрсінгім келген...шүкірмін,
Жалғызбын десем Елдемін.

Тағдырдан нені таба алдым?
Табайын десем таландым.
Еркекпен құны өлшенген,
Əйел боп қана жаралдым!!!

## Бір жалғыз

Бұрын мені сүймегендей жан адам,
Ой ішінен сезім таппай оралам...
Көңілімді қыс кетті ме суытып,
Кім болды екен, тонаған?

Бұрын мені құшпағандай бір адам,
Сезім қалды су бетінде жылаған...
Толқынменен тербелгенім есімде,
Ол кім еді ұнаған?

Үмітінді нұр етеді үн деген,
Мен ешкімді тəріздімін сүймеген.
Бір құшаққа құлап барып құрайтын,
Бақытты ма гүл менен?

Махаббаттың маздаттым ба шырағын,
Қашан, қай кез, кімге арналды бұл əнім.
Гүлді адамдар бақытты деп ойлайды,
Бөліп алып сынарын.

Көкіректің көзін ашып күн көрер,
Табиғат та тілін жұтып сенделер.
Жұп болуға міндетті екен тек қана,
Жер бетінде пенделер!

Тау секілді кеудемізде орман-құз,
Бұл жалғанда, бір арманға қорғанбыз.
Сыздататын, мұздататын сыр бермей,
Əр жүректе жылап жатыр бір Жалғыз...

***

Мен қазір тұйықпын,
Сабырға салмақсыз сиыппын.
Өмірден өзімді бөлуші ем,
Ал, қазір, алаңсыз қиыппын.

Мен қазір басқамын,
Бағымды байлап жүр бас қамым.
Жақындап жүруші ед армандар,
Алыстан қарайды аспаным.

Мен енді сүймеймін,
Сүйетін жан мені кім деймін?
Үзіп ап, күтуге ұмытқан,
Құмыра кемірген гүлдеймін.

Бір досым кеп, сезімімді жылатты,
Бір досым жүр тағдырымды табалап.

Адамдарға тəн болған соң жаңылу,
Жүректерде болады екен жабығу.
Бұл қалаға керек екен мен құсап,
Бір адамды, бір жүрекпен сағыну!

Керек екен бұл қалаға жылылық,
Дала туған, ана туған ұлылық.
Қызыл гүлдер бүршік ашса қыста да,
Аппақ қардың жалғыздығын ұғынып.

Ал, көктемдер серік болса күзге ше?
Жылы жаз кеп, желтоқсанды іздесе.
Бұл мезгілдер қосылмайды ешқашан,
Біздің тағдыр сондықтан да өзгеше.

Біздің қала содан болар суықтау,
Сіздің қала содан болар түйықтау.
Құмарымды сезсең, жаным шегі жоқ,
Қиялымды керек шығар құлыптау...

***

Гүлден де нəзік жанымның,
Керегін таппай жаңылдым.
От болып жанған өмірдің,
Шоқ болар сəтін сағындым.

Мен қазір елеспін,
Елес боп несіне егестім?
Мен де бір бақытпын баянсыз,
Сондықтан бақытсыз емеспін...

***

Туған жердің салқын тартқан құшағы,
Жат көре ме баласын.
Таныс аула, табанымды құшады,
Жасыра алмай наласын.

Ауыл сырқат... түксиеді түнеріп,
Шұрқ тесік шапанына оранып...
Жас жүрегім əлди-əуен тіленіп,
Қайтып барам тоналып.

Құрты қайнап,
Пісілетін күбісі,
Берекесі безген екен үйімнен.
Анамның да баяулапты жүрісі,
Демін əзер алады екі ииінен...

***

Мен де бір кез бақыт болып еригем,
Уақыт мені жұтып алды демімен.
Көңіліме көлеңкелер көп түсіп,
Жылай алмай егілем...

Сосын бір кез еркеледім, еліктім,
Жетегіне ертіп алды желік-күн.
Мен далаға ұқсаймын деп бір сəтте,
Дархан болып кетіппін.

Ал, сырымды ақ бұлттарға төгіппін,
Ақ жауыннан көз-жасымды көріппін.
Өлең менен адалдықты аңсар деп,
Жырға айналып жүріппін!

Көкірегіме Көктің нұры енгесін,
Доска сендім, досым маған сенгесін.
Тағдыр-ана аялар деп ойлаппын,
Қонағы боп келгесін!
Адамдарды сақтар ардың күші екен,
Қалған ғұмыр бір ғажайып түс екен.



Ұшу үшін жаралмаған жердегі,
Қанаты бар құс екем...

***

Көзімде атса да таң құлап,
Көгімде тұрса Күн жарқырап.
Бұл бақыт пендеге көп шығар,
Кеудемде жүр неге жан жылап.

Кеудемде жүр əнім естілмей,
(Жақсы еді жүргенім ес білмей.)
Бақыттың ғұмыры қысқа ма,
Білінбей өтетін бес күндей.

Кеудемде сыр қалды тұншығып,
(Жайқалып өсер ме бір шыбық?)
Пендеден туылсақ о, баста,
Періште етпейді тіршілік.

Күнəнің күлкісін сағынып,
Алыстап аяулы ақ үміт.
Тамшыдан жаралған тағдырым,
Тар жолда қалар ма жаңылып.

## Қауырсын қанатымнан қалам жасап

Ерекше көңілдімін,
Алтын түске бояды көгімді кім?
Күтпеген сый көрердей күмілжимін,
Келетін кезің бе еді сенің бүгін?

Ауамен тілдесемін,
Жыр жазуға асығам түнде несін?
Дала мені құшады əлсін-əлсін,
Кешір енді... жалғыздық күндемесін!

Сен бардай назданамын,
Саған жетер бірінші жазған əнім.
Мен сыйлаған бақыттың бəрін сезін,
Сен сыйлаған жетеді аз ғана мұң.

Ақ қардай алып-ұштым,
Сырын ұққым келді ме сағыныштың.
Қауырсын қанатымнан қалам жасап,
Жұп-жұмсақ жерге түсіп жаңылыстың.

Ал, бүгін қуанамын,
Жанын жайған шыршалар куə, жаным!
Адам болып жүргенім қандай бақыт,
Ақ қар болып қайтадан туа аламын!

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛЖАРМА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КЕЙБІР ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ӘКІМШІЛІК БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Келесі елді мекендер олардың жер пайдалану шекарасы шегіндегі аумағымен:

1) Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округінің Байқадам елді мекені Қарауылтөбе ауылдық округінің;

2) Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округінің «№11 бекет» елді мекені Талсуат ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін.

2. Байқадам және «№11 бекет» елді мекендері таратылып, Қызылжарма ауылдық округінің есепті деректерінен шығарылсын.

3. Осы қаулы мен шешімнің жариялануын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау және осы қаулы мен шешімнен туындайтын өзге де шараларды қабылдау Қызылорда қаласының әкімі Н.М.Нәлібаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қызылорда облыстық мәслихатының**
____________________ **сессиясының**
__________________ **Қ.Көшербаев** **төрағасы**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы**
__________________ **Б.Еламанов**

КЕЛІСІЛДІ
«Қызылорда облысының
статистика департаменті»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы **Б.Сапар**
2013 жылғы « »

---

*ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ*

**Қызылорда қаласы 2013 жылғы «18» желтоқсан №412**
**Қызылорда облысы Қазалы ауданы Мемлекеттік тіркеу №4581**

# ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН (ШЕГІН) ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласының шекарасы (шегі) Қазалы қаласының әкімшілік аумағынан Қазалы қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің экспликациясы бойынша жалпы көлемі 717,5 гектарды қосу арқылы өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Қазалы ауданының әкімі Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қызылорда облыстық мәслихатының**
**кезекті 22-сессиясының төрағасы**
______________ **Қ.Көшербаев** ______________ **А.Тоғызбаев**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы**
__________________ **Б.Еламанов**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы «18» желтоқсандағы №412 қаулысына
және Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы «18» желтоқсандағы №168 шешіміне
қосымша

## Қазалы қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің экспликациясы

| № | Жерлердің атауы | Жалпы көлемі (гектар) | оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ауыл шаруашылығы алқаптары | | | | орман көмкерген | басқа да жерлер |
| | | | егістігі | көп жылдық екпелер | тыңайған жер | жайылымдар | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Қазалы қаласының бекітілген шекарасы (шегі) | 302,5 | | | | | | 302,5 |
| 2 | Қазалы қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің көлемі | 717,5 | | | | 539,0 | 22,0 | 156,5 |
| 3 | Қазалы қаласының шекарасы (шегі) | 1020,0 | - | - | - | 539,0 | 22,0 | 459 |

# МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ РЕГЛАМЕНТТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар болуы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.С.Нұртаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы « » ____________ № ______ қаулысымен
бекітілген

## «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті

### 1.Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі – уәкілетті орган) және «Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- басқарма).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаушы және нәтижесін беруші мемлекеттік мекемелер:

1) уәкілетті орган;

2) басқарма.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - кейіннен көрсетілетін қызметті алушылардың банктік есепшоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем есепшоттарының тізілімін ұсыну (бұдан әрі – тізілім).

### 2.Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1542 қаулысымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік қызметі стандартының (бұдан әрі - стандарт) 1,2- қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынуы.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

2) уәкілетті органның кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға уақыты мен күні, өтінімді қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні көрсетілген талон береді және құжаттарды уәкілетті органның басшысына ұсынады (15 минуттан артық емес);

3) уәкілетті органның басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (15 минуттан артық емес);

4) орындаушы құжаттарды қарайды, субсидиялар сомалары туралы аудан бойынша жиынтық акт (бұдан әрі - жиынтық акт) жасайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің (бұдан әрі - әкім) бекітуіне ұсынады (5 жұмыс күні ішінде);

5) әкім жиынтық актіні бекітеді және басқармаға ұсынады (2 жұмыс күні ішінде);

6) басқарма басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (15 минуттан артық емес);

7) орындаушы құжаттарды қарап, облыс бойынша жиынтық акті жасайды және мал шаруашылығын субсидиялау жөніндегі облыстық комиссияның қарауына ұсынады (2 жұмыс күні ішінде);

8) комиссия қарап және комиссия төрағасы бекіткен жиынтық актіні басқармаға жолдайды;

9) басқарма бекітілген жиынтық акті негізінде тізілім дайындап, оны аумақтық қазынашылық органына төлем үшін ұсынады (3 жұмыс күн ішінде).

### 3.Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) уәкілетті органның кеңсе қызметкері;

2) уәкілетті органның басшысы;

3) орындаушы;

4) әкім;

5) облыстық комиссия;

6) басқарма.

7. Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 1- қосымшасында келтірілген.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) өту блок-схемасында келтірілген.

### 4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

9. Уәкілетті орган мен басқарма басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты тұлғалар болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану стандарттың 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

11. Қызмет көрсету жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ, оның сапасын бағалау (сонымен қатар шағымдану) қажет болған жағдайда ақпарат алу үшін байланыс телефонының нөмірі: 8(7242) 235071, бірыңғай байланыс орталығы (1414).

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет
регламентіне
1- қосымша

### Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы

| 1 | Іс-әрекеттің (барысы, жұмыстар ағыны) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері | Уәкілетті органның басшысы | Орындаушы | Әкім | Басқарма басшысы | Орындаушы | Комиссия | Басқарма |
| 3 | Іс-әрекеттердің (үдерістің, операция рәсімінің) атауы және олардың сипаттамасы | құжаттарды тіркейді, талон береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды және жиынтық акт жасайды | жиынтық актіні бекітеді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды және облыс бойынша жиынтық акт жасайды | жиынтық актіні қарайды | жиынтық акті негізінде тізілім дайындайды |
| 4 | Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім) | құжаттарды уәкілетті органның басшысына ұсынады | құжаттарды орындаушыға жолдайды | жиынтық актіні әкімнің бекітуіне ұсынады | басқармаға жолдайды | құжаттарды орындаушыға жібереді | құжаттарды комиссия қарауына ұсынады | комиссия төрағасы бекіткен жиынтық актіні басқармаға жолдайды | тізілімді қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ұсынады |
| 5 | Орындалу мерзімі | 15 минуттан аспайды | 15 минуттан аспайды | 5 жұмыс күні ішінде | 2 жұмыс күні ішінде | 15 минуттан аспайды | 2 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде | 3 жұмыс күні ішінде |

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2 -қосымша

### Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігі сипаттамасының өту блок-схемасы




Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы « » __________________№ ____ қаулысымен
бекітілген

## «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1.Жалпы ұғымдар

1. Қызмет берушінің атауы: аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты, облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылық бөлімі. (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаушы және нәтижесін беруші мемлекеттік мекемелер:

1) жергілікті атқарушы орган;

2) Қызылорда облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» (бұдан әрі – орталық) Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы, оның бөлімдері мен бөлімшелері;

3) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал).

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және қағаз.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы қағаз немесе электронды түрде көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) орталыққа өтініш берген кезде – жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама (бұдан әрі - анықтама);

портал арқылы өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама.

### 2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының жергілікті атқарушы органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1542 қаулысымен бекітілген «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру» **мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының (бұдан әрі - стандарт)** қосымшасына сәйкес өтінішті ұсынуы.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны:

1) көрсетілетін қызметті алушы жергілікті атқарушы органға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) жергілікті атқарушы органның кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді және құжаттарды жергілікті атқарушы органның басшысына ұсынады (5 минуттан аспайды);

3) жергілікті атқарушы органның басшысы құжаттарды қарап, орындаушыға жолдайды (5 минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды тексеріп, анықтаманы дайындайды және жергілікті атқарушы органның басшысына ұсынады (10 минуттан аспайды);

5) жергілікті атқарушы органның басшысы анықтамаға қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (5 минуттан аспайды);

6) кеңсе қызметкері анықтаманы тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді (5 минуттан аспайды);

